

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
RESEARCH AND ACADEMYC JOURNAL



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ
ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№2(70), 2023

Астана, 2023

«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАРШЫСЫ» ЖУРНАЛЫ
№ 2 (70) 2023 ж.
Ғылыми-практикалық журнал

Редакциялық комиссияның төрағасы

Садықов С. К. – бас директор

Редакциялық комиссия төрағасының орынбасары

Рысбекова Р.Қ. – бас директордың орынбасары

Редакционная коллегия:

Арещенко А.И. - профессор, доцент

Кульназаров А.К. – педагогика ғылымының докторы, профессор

Доскараев Б.М. – педагогика ғылымының докторы, профессор

Искакова Г. Г. – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Өркен балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК директорының орынбасары

Куптилеуова С.К. – педагогика-психология магистрі

Мадиева Г.Б. – педагогика ғылымының кандидаты, доцент

Марчибаева Ұ.С. – педагогика ғылымының кандидаты, доцент

Мамырханова А.М. – тарих ғылымының кандидаты, доцент, психология-педагогика магистрі

Отаралы С.Ж. – Ph.d докторы

Сивохин И.П. – педагогика ғылымының докторы

Сабырбек Ж. Б. – Ph.d докторы

Цицурин В.И. – бас ғылыми қызметкер

Дизайнер:

Полатов Берік

Корректорлар:

Мамырханова А.М. – тарих ғылымының кандидаты, доцент

Бисембаева А.С. – аға әдіскер

Редакциялық алқаның хатшысы:

Бисембаева А.С.

2009 жылғы 14 сәуірдегі № 10053 Журналды мерзімді баспасөз басылымын және (немесе)
ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік

Жылына 4 рет шығады

Дене тәрбиесінің жаршысы / Вестник физической культуры

Ғылыми-практикалық журнал / Научно- практический журнал, 2023 ж. №2

Мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11

Телефон: +7 (7172) 73-48-10, электрондық пошта: **nnpcfk2020@yandex.kz**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі» РМК

БИН: 000740000649

ИИК: KZ626018821000965631

«Қазақстанның ұлттық банкі», Астана қаласы,

БИК: HSBKKZKX Заказ: № 221317, Тираж: 500

«Единство инвалидов» ҚБ баспаханасында басылған 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11

www.prostoprint.kz

тел.: 8 777 841 13 90

2001 ж. 07.02 бастап шығарылады.

Басылымның құрылтайшылары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі,

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы

УДК 796/799

МАЗМҰНЫ

- **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»
METHODS OF TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»

5	Ержанова Қ.А. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ
11	Зарипова И.Г. ВОЗРАСТНЫЕ ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ, ПРИ ПЛАНИРОВАНИИ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ШКОЛЕ.
15	Маратов Е. Х. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДЕНЕ ТӨРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
19	Мельницкий В.С. ДОМАШНИЕ ЗАДАНИЯ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА
23	Рахимова Н.А. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ
26	Исламова Л.З., Колесникова Т.Г. ПРИМЕНЕНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ
30	Тубирова А. Е., Касымов Ж. К. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ
35	Хасанова Г.М., Дрейт Н.А., Котов С.О. LESSON STUDY КАК МЕХАНИЗМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ФОРМ ПРЕПОДАВАНИЯ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

- **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»
THEORY AND PRACTICE OF THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»

40	Бекжанова М.Е. МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СПОРТҚА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ
43	Жарасбаев М.Ж., Кубиева С. С. ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ
46	Имамалиева Г.Н., Кожемякина Н.Н., Аубакирова Т.С. ЛЕЧЕБНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ФОРМА РЕАЛИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ СТУДЕНТОВ
49	Искакова Г. Г. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАК НЕОБХОДИМОЕ УСЛОВИЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ
53	Кадылов Е.К., Дошимбеков А.Б. БАСТАПҚЫ СПОРТТЫҚ МАМАНДАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫ ЕРКІН КҮРЕСТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ
56	Кихтев Д.Н., Молбаев Б.К., Сабетай М.С. ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОВНЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КОНДИЦИИ
62	Кушмагулова А.К., Атетов Е.Б., Бисембаев С.Б. ФИЗИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ И ПРОФИЛАКТИКА МАЛОПОДВИЖНОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

МАЗМҰНЫ

- 64** Адилханова К. Р., Қамбаров Ж. Қ.
ПРОФИЛАКТИКА ТРАВМАТИЗМА В ФУТБОЛЕ
- 68** Синьков Д.В., Шемкутова Е.Ю., Сейлов Б.А.
СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ФИЗИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ
- 72** Слободнюк М.В.
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ
- 75** Анисимова Е.Н., Мейрханова З.Д.
СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
- 80** Темиргалиев С.К., Мукушев Б.С. Нурсеитов Д.Ф.
ВОЗРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЫ «ҚАЗАН» В ФОРМАТЕ НОВОЙ КОМАНДНО-СПОРТИВНОЙ ИГРЫ «QAZ-НОК»
- 84** Топаева Г. С.
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ТҮРЛЕРІ
- 87** Умирханова Г. Б.
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫНА «ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫН» ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ.
- 90** Цицурин В.И., Кульназаров А.К., Мухамеджанов Э.К.
КОРРЕКЦИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ ЮНЫХ СПОРТСМЕНОВ С ПОМОЩЬЮ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ПИТАНИЯ
- 94** Шаканов Д. Р.
ПРОГРАММА «САЛАУАТТЫ УНИВЕРСИТЕТ» - КАК МЕТОД ОЗДОРОВЛЕНИЯ МОЛОДЕЖИ
- 97** Aldanova A.B.
ACCREDITATION AND LICENSING IN SPORTS. GLOBAL PRACTICE
- «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ СҰРАҚТАРЫ
ВОПРОСЫ ПСИХОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»
QUESTIONS OF PSYCHOLOGY IN TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»
- 101** Жумагулова М.Е.
ФИЗИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ КАК ОСНОВНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ
- 105** Комарова Н.А.
АСПЕКТЫ ПСИХОЛОГИИ, ПЕДАГОГИКИ И МЕДИЦИНЫ В КОНТЕКСТЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

1

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА
«ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»METHODS OF TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL
CULTURE»

ӘОЖ 796

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Ержанова Қызылгүл Ақылбекқызы*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, № 46, А.С. Пушкин атындағы мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*


■ **Аңдатпа.** Бұл мақалада орта білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру сабақтарын өткізудің түрлі әдістері туралы айтылған. Сондай-ақ, олардың түрлеріне анықтамалар берілген. Дене шынықтыру сабақтарында осы әдістерді тиімді қолдану дене шынықтыру сабақтарын өткізу сапасын арттыруға себеп болады.

→ **Тірек сөздер:** әдіс, әдістеме, тынығу.

Кіріспе

Дене тәрбиесінің тәжірибесінде әдістер қаншама көп болғанымен, оның бәрі жан-жақты пайдаланыла бермейді. Сондықтан, олардың анықтамаларын білу- біздің әртүрлі міндеттерді орындауда дұрыс бағыт алуымызға, тиімді әдістерді таңдауымызға көмектеседі. Дене шынықтыру сабағында көрнекілік құралдарды қолданудың білім алушылардың дене дамуын жетілдіруін теориялық тұрғыдан негіздеуге маңызы зор. Әртүрлі жаттығушылар тобымен әрқилы жағдайда белгілі бір міндеттер

орындау үшін дене тәрбиесі жаттығуларын қолдану, пайдалану жолын - дене тәрбиесінің әдістері деп атайды. Мысалы, қайталау әдісі, үйрету әдісі. Әрбір әдіс өзінің құрамына кіретін әдістемелік тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады. Нақтылы үйрету міндетіне сәйкес жаттығуларды орындау әдістемелік тәсіл ретінде қарастырылады. Мысалы, үйрету әдісінің көрсету тәсілдері: жаттығуларды айла-тәсілмен көрсету, керекті қарқынды түрде немесе баяу қарқында көрсету т.б. (1- кесте).



«Әдіс» деген түсініктен «әдістеме» түсінігін ажырата білу керек. Әдістеме деп дене тәрбиесі үрдісінде белгілі бір нәтижеге жету жолына бағытталған амалдар мен әдістер жүйесін айтады [1].

Дене тәрбиесінің барлық әдістері арнайы (тек қана дене тәрбиесі процесіне тән) және жалпы (дидактикалық білім беру және тәрбие бағытында қолданылатын) болып екі топқа бөлінеді.

Дене тәрбиесінің арнайы әдістері: а) қатаң шектелген жаттығулар әдістері; ә) ойын әдісі; б) жарыс әдісі.

Дене тәрбиесінің жалпы әдістері: а) сөзді қолдану әдістері; ә) көрнекілікті қолдану әдістері.

Дене тәрбиесі үрдісінде спорттық және қозғалмалы ойындардың элементтерін қолдану – ойын әдісі деп аталады. Ойын әдісінің мынандай өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар:

1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары және тәртібі арқылы ойнаушыларды ұйымдастыру.
2. Ойын әрекеттері кезінде ойнаушылардың бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылысының, көңіл-күйлерінің көтерілуі.
3. Ойын барысында жаттығушылардың өз бетімен қимыл-әрекет жасауға шешім қабылдауы (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).
4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әртүрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.
5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әртүрлі қарым-қатынастары [2].

Ойын әдісі

Ойын әдісінің көмегімен дене қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшаңдық, ептілік) кешенді дамытуға, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және білім алушылардың өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуге (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық), бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады. Жаттығуларды ойын әдісімен жүргізу оқушыларды қызықтырып, жақсы әсер қалдырады, бірқалыптылықтан құтқарады. Ойын әдісінің бір кемшілігі жүктеме мөлшерін дәл біле алмау.

Жарыс әдісі

Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындау, жарыс әдісі деп атайды. Жарыс әдісінің ең негізгі белгісі - біріншілікте қарсыласыңды, команданы, топты жеңу үшін бәсекелесу, күрес, күш сынасу жағдайында жоғарғы көрсеткіштерге жету [3]. Бұл әдіс әртүрлі мақсаттарды орындауда пайдаланылады. Мысалы, адамгершілік, жігерлілік, дене қасиеттерін тәрбиелеу, күрделі жағдайда қимылдың ептілігі мен дағдысын жетілдіру. Жарыс әдісі адам ағзасының мүмкіншіліктеріне жоғарғы талаптар қояды да, оның ары қарай тез дамуына ықпал

етеді. Жарыс әдісінің міндетті түрде орындалуы үшін керекті шарт: жарыс, бәсеке жаттығуларына білім алушылар өте жақсы дайындықпен келулері керек, ол болмаса берілетін үлкен қарқынды жүктемелер олардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл әдіс білім алушылар жаттығуды орындау кезінде пайда болатын міндетке өз шешімін тез қабылдауын талап етеді (өйткені, мұғалімнің, жаттықтырушының ақыл-кеңесін жарыс кезінде есту мүмкіндігінің өте аз болуы).

Қатаң шектелген жаттығу әдісі

Қатаң шектелген жаттығу әдістерін зерделеу маңызды. Жаттығу кезінде көп қайталанатын жүктеме мен тынығуды алмастыра орындайтын қимыл-әрекетте қатаң шектелген жаттығу әдістерін пайдалану көптеген мүмкіншіліктерге қол жеткізеді:

1. Жүктеме көлемін қатаң мөлшерлеуге. Бұл әдісті қолдану кезінде жүктемені ең төменгі шамаға дейін жоғарылатып, басқаруға болады.
2. Әр түрлі дене қуатының қасиетін дамыту және жаттығу арқылы жеке дене мүшелеріне әсер ету.
3. Дене тәрбиесі үрдісінде жеке үйретуді пайдалану.
4. Кез келген күрделі жаттығуларға үйрету.
5. Дене тәрбиесі жаттығуларын әр түрлі жастағы адамдар арасындағы сабақ, жаттықтыру кездерінде пайдалану мүмкіншілігі. Осы әдістің көмегімен жаттығуларды жас балалардан бастап егде жастағы адамдарға дейін қолдана аламыз. Қатаң шектелген жаттығу әдістері екі топқа бөлінеді: а) қимыл-әрекетке үйрету; ә) дене қасиеттерін жетілдіру. Қимыл-әрекетке үйрету әдістерінің сипаттамасын қарастыру қажет. Қимыл-әрекеттердің күрделілігіне қарай тұтас та, бөлшектеп те үйретуге болады.

Тұтас үйрету әдісі

Тұтас үйрету әдісі жаттығуларды бөлшектемей толық үйрету кезінде мынадай жағдайларда: [1]

- ✓ Қарапайым қимыл-әрекетке үйрету кезінде;
- ✓ дене қуаты және техникалық дайындығы жоғары білім алушылармен жүргізілетін жаттығу сабақтарында;
- ✓ қимыл-әрекетті бөлшектеп үйретуге болмайтын, бөлшектеп техника негізінің сапасы болмайтын жағдайда;
- ✓ бұрын үйренген жаттығуларды жетілдіруде қолданылады.

Жаттығуларды бөлшектеп үйрету әдісі кезінде қимыл-әрекетті бөлшектеп жеке-жеке меңгеріп, сонан соң бәрін қосып толық қайталайды. (Мысалы, гимнастика сабағындағы алға аунап

түсу, басқа тұру, жанға айналу жаттығуларының техникасын жеке-жеке үйреніп, меңгергеннен кейін толық қайталау және т.б.).

Күрделі қозғалыс техникасын үйренуді жетілдіруге жақындататын жаттығулар қолданылады. Мұндай жаттығулардың техникасы негізгі, күрделі жаттығудың бөлшектеріне ұқсас болып келеді. Бұл жаттығулар біртұтас түрде, білім алушыларға түсінікті және қолайлы болуы керек.

Дене қуатындамытуға бағытталған қатаң шектелген жаттығулар әдістері әр түрлі формадағы жүктеме мен тынығудың түрлерін ұштастыру мүмкіндігіне байланысты қолданылады. Жүктеме дегеніміз – дене тәрбиесі жаттығуларымен адам ағзасына әр түрлі көлемде әсер ету. Жүктеменің шамасы оның қарқындылығы мен көлеміне байланысты. Жүктеменің көлемі – орындалған дене қуаты жұмысының саны (мысалы, 10 минуттық жүгіру, жаттығуды қайталау саны т.б.) [7].

Жүктеме қарқындылығы - ол белгілі бір уақытта дене тәрбиесі жаттығуларын қарқынды, тездете орындау. Жүктеменің ішкі және сыртқы қарқынды көрсеткіштері болады. Сыртқы көрсеткіш – қозғалыс жылдамдығы (жүгіру, шаңғы жарысы, суда жүзу т.с.с.), спорт ойындарындағы ойын қарқыны т.б. Қарқындылықтың ішкі көрсеткіштері – жүректің соғу жиілігі, белгілі бір уақытта күш жұмсау өлшемі. Адам ағзасына әсер ету көлеміне байланысты жүктеме:

- кіші (жүректің минутына 130 ретке дейін соғуы);
- орта (жүректің минутына 131-155 рет соғуы);
- үлкен (жүректің минутына 156-175 рет соғуы);
- жоғары (жүректің минутына 176-190 рет соғуы);
- өте жоғары (жүректің минутына 190-нан көп рет соғуы) болып бөлінеді.

Спортшының жаттығуларды орындау, жұмыс істеу қарқынына байланысты жүктеме бірқалыпты және ауыспалы болып келеді. Бірқалыпты жүктеме – ол спортшының белгілі бір уақытта жаттығуды орындаудағы қарқындылығының өзгеруі (ол жоғары немесе төмен болып өзгеруі мүмкін). Жүктеме әрқашан да тынығумен кезектесіп отыру керек [3].

Тынығу аралықтарының үш түрі бар. Олар: қарапайым, қатаң шектеулі және төтенше [9].

1. Қарапайым немесе толық тынығу аралығы деп бір жаттығуды орындап болып келесі қайталанар жүктеменің алдында ағзаның жұмыс қабілетінің толық бастапқы қалыпқа келуін айтамыз. Толық қалпына келуін тамыр соғысын есептеу арқылы анықтаймыз. Мысалы, жаттығу орындағаннан кейін ЖСЖ 180 соғу / мин, толық қалпына келуі 60 соғу/мин.

2. Қатаң тынығу аралығы дегеніміз - бір жаттығуды орындап болып, келесі қайталанар жүктеме жаттығушының ағзасының жұмыс қабілетінің толық бастапқы қалпына келмеген кезде қайталануы.

3. Төтенше тынығу аралығы дегеніміз – келесі

жүктеме ағзаның жұмыс қабілетінің көтерілген кезіне, жаттығушының өзіндік дайындық ниетінің толық көрінген кезіне тап келуі. Мазмұны жағынан тынығу бәсең (қозғалмай жату, бұлшық еттердің белсенді қызмет етпеуі) және белсенді болып екіге бөлінеді. Белсенді тынығу – спортшының алдыңғы жаттығуға қарағанда қарқыны аз түріне көшуі (мысалы, жүгіруден соң ақырын жүру).]

Дене қасиеттерін дамыту үшін мынандай әдістер қолданылады:

1. *Бірқалыпты орындау (стандартты) әдісі.* Бұл әдіс жаттығуларды үзбей, ұзақ уақытта, бір қарқында орындауды талап етеді (мысалы, ұзақ уақыт бірқалыпты жүгіру, жүзу, ескек есу және т.б.). Жүктеме бұл кезде жоғары деңгейдің 70 пайызынан аспауы керек, жүрек соғуының жиілігі минөтына 130-150 рет). Ұзақ уақыт бірқалыпты істелген жұмыс жүрек-қан тамыры және тыныс алу жүйелерін нығайтып, ағзаның жалпы төзімділігін дамытады [4].

2. *Өзгермелі орындау әдісі.* Бұл әдісте жүктеме қарқыны жаттығуды орындау кезінде өзгеріп отырады (мысалы, 400 метр қашықтыққа жүгіруде жылдамдық - бірінші 100 метр жүгірген кезде 1/2 жартылай күшпен, екінші, 100 метрде қатты қарқында, үшінші 100 метрде – еркін, төртінші 100 метрде 3/4 күшпен орындалып отырылады). Жүктеме бұл жүгіру кездерінде кіші жүктемеден үлкенге және керісінше өзгеріп отырады. Өзгермелі орындау әдісінің көмегімен біз жалпы төзімділікті және жылдамдық төзімділігін дамытамыз, спортшыларды жігерлілікке тәрбиелейміз.

3. *Қайталап орындау әдісі.* Бұл әдіс кезінде жаттығу көп қайталанады, аралықтағы тынығуда ағза толық бастапқы қалпына келуі қажет (мысалы, қысқа қашықтыққа өте жоғары жылдамдықпен қайталап жүгірген кезде, аралық тынығу толық болуы қажет). Қайталап орындау әдісі күшті, жылдамдықты және күш жылдамдығын, жылдамдық төзімділігін дамытады.

Дене тәрбиесі тәжірибесінде қайталап орындау әдісінің түрлері кездеседі. Мысалы, циклді жаттығуларды орындау кезінде мынадай түрлер жиі кездеседі:

- тұрақты бірдей қашықтықтарға жүгіру (7 x 100 м);
- біртіндеп ұзартылып отырылған қашықтыққа жүгіру (200x400x600x800);
- біртіндеп қысқартылған қашықтыққа жүгіру (800x600x400x200);
- біртіндеп ұзартылған, сонан соң біртіндеп қысқартылған қашықтыққа жүгіру (200x400x600x800x600x400x200) [6].

4. *Аралық орындау әдісі.* Бұл әдістің мәнісі көп рет қайталанған жаттығудың орындау қарқыны жоғары (минөтына 160-180 рет жүрек соғу жиілігі) және тынығу аралығы қатаң болуында. Жаттығуды орындаған соң тынығу кезінде жүрек соғысы минөтына 120-140 ретке жеткенге дейін

созылады да, сонан соң жаттығу қайталанады. Әрбір жаңа жүктеме ағза толық бастапқы қалпына келмеген кезде беріледі. Тынығу белсенді немесе бәсең болуы мүмкін, жаттығу тізбекпен орындалады (мысалы, 7х200). Бұл әдістің көмегімен аз мерзімде жалпы және арнайы төзімділік қасиетін дамытуға болады.

Жоғарыда аталған әдістер дене тәрбиесі тәжірибесінде жеке ғана емес, топтастырыла, жіктестіріле қолданылады (мысалы, бірқалыпты аралық жаттығулар әдісі, өзгермелі-аралық жаттығулар әдісі т.б.). Осындай әдістерді топтастыру тәсілдері ағзаның функционалды мүмкіндіктерінің өсуіне тиімді әсер етеді және кең көлемде дене қасиеттерін дамытады [12].

Айналмалы орындау әдісі.

Спорт зал мен спорт алаңдарында шеңбер бойынша орналасқан «бекеттерде» жаттығуларды шеңбер бойымен айналып жүріп орындау айналмалы орындау әдісі деп аталады.

«Бекеттерде» (саны 6-10 болуы мүмкін) қарапайым, үйренген бір жаттығу орындалады (мысалы, штанганы иықта ұстап отырып, тұру, белтемірде тартылу және т.б.). Жаттығуды орындау саны әрбір «бекетте» жеке белгіленеді. Бір сабақта «шеңберді» бір реттен үш ретке дейін тынықпай немесе тынығу аралығымен өтуге болады. Бір айналып жаттығуды орындау уақытын, тынығудың аралық уақытын, жаттығуды қайталау санын мөлшерлеп белгілеу қажет. Шеңберлі орындау әдісінің бірнеше түрі бар:

1. Жаттығуларды ұзақ, үзбей орындау. Сабақ тынығусыз, шеңбер бойынша бірден үш ретке дейін қайталана орындалады. Сабақ міндеті – жалпы және арнайы төзімділікті дамытады.

2. Аралық орындау әдісі бойынша. Жаттығуларды орындау аралығында тынығу қатаң аралықты сақтауға, күш және жылдамдық, күш төзімділігін тәрбиелеуге қолданылады.

3. Бірқалыпты орындау әдісі бойынша. Тынығу аралығы толық. Күшті және жылдамдықты тәрбиелеуге қолданылады.

[9. Шеңберлі жаттығу әдісін қолданар алдында жаттығуларды топтап, жүйелеп алады, «бекеттердің» орындары, жаттығуларды орындау мөлшері белгіленеді.

Дене тәрбиесінің жалпы әдістеріне де тән ерекшеліктер бар.

Сөзді қолдану әдісі.

Қозғалысқа үйрету үрдісінде, дене қасиеттерін тәрбиелеуде сөзді қолдану әдісінсіз табысқа жету мүмкін емес. Сөзді қолдану әдісі үш топқа бөлінеді:

1. Баяндау, әңгімелесу, түсіндіру әдістері. Бұл әдістерді қолдану кезінде сөз білім алушыларға білім беру мақсатында пайдаланылады.

2. Бұйрық беру, тапсырма, нұсқау беру әдістері. Бұл әдістер жаттығу-шылардың әрекеттерін басқаруға пайдаланылады.

3. Талдау, бағалау әдістері. Бұл әдістер жаттығушылардың әрекетін талдауға, баға беруге арналған.

Енді осы әдістердің маңызына және оларды қолдану ерекшеліктеріне тоқталайық.

Баяндау теориялық бір түсінікті айтуға, ойын кезіндегі қозғалыс әрекетін түсіндіруге, спорттық жаңалықтарды хабарлауға пайдаланылады. Білім алушыларды жаттығуды орындау техникасымен таныстыруға **түсіндіру әдісі** қолданылады. Білім алушылардың білімін, бір нәрсеге құштарлығын білу, ойлау қабілетін дамыту, белсенділігін артыру үшін **әңгімелеу әдісі** қолданылады.

Қысқа, бұйрықты раймен белгілі бір істің, қимылдың бұлжытпай орындалуын талап ете сөйлеу түрін **бұйрық беру әдісі** дейміз. Бұйрық саптық (әскери) және төрешілдік (сөреден жүгіру кезіндегі бұйрықтар, төрешілердің бұйрық сөздері) болып бөлінеді. Бұйрық көп адамдар қатысатын әрекеттерді ұйымдастыруда қолданылады. Мысалы, жаттығуды орындауға берілетін бұйрықтар, жаттығушылардың саптағы әр түрлі қозғалыстарын басқаруға берілетін бұйрықтар т.б.]

Сабақ алдында немесе сабақ кезінде кейбір жеке міндеттер қою тапсырма әдісінің қызметіне жатады. Қысқаша айтылып, бұлжытпай орындауды талап ететін сөз әсері нұсқау беру деп түсіндіріледі. Бұл әдіс көбінесе қозғалысты үйретуде қолданылады. «Жылдамдат», «тездет», «асықпа», «еркін жүр», «тізені бүкпе», «шынтақты түсірме» т.с.с. нұсқаулармен мұғалім қимыл-қозғалысты басқарып отырады. Белгілі бір тапсырма орындалған соң (сынаманы, ойын) талдау жасалады. Талдау әдісінің көмегімен қателер, оларды түзету жолдары көрсетіледі, келешектегі оқу-дайындық әрекетінің сипаты, бағыты белгіленеді. Қимыл-әрекет орындалып болғаннан соң, оған «жақсы», «орташа», «жаман» деген ауызша баға беріледі. Сабақ аяғында білім алушылардың жаттығулар техникасын, сынақ жаттығуларын орындағаны бағаланады, баға қойылады. Осы жұмыстар бағалау әдістері көмегімен орындалады [11].

Көрнекі ықпал ету әдісі.

Бұл әдістер жиынтығы көру, есту және үйренетін жаттығудың қимылын қабылдауды қамтамасыз етеді де, үш топқа бөлінеді:

1. Көру көрнекілігі әдістері.

2. Есту көрнекілігі.

3. Қимыл көрнекілігі әдістері [10].

Көру көрнекілігі әдістеріне үйренетін қозғалысты мұғалімнің немесе мұғалімнің тапсырмасымен білім алушының көрсетуі жатады. Көрсету кезінде

мұғалім мынандай әдістемелік талаптарды басшылыққа алу керек:

- көрсетудің мазмұны сөзді қолдану әдісімен қатар жүруі тиіс;

- көрсетудің мазмұны, үйретудің мақсатына сәйкес келуі қажет;

а) бірінші рет жаттығу тәсілін көрсеткенде ол стандартты түрде, білім алушыларға түсінікті деңгейде толық орындалуы керек; ә) үйрету кезінде білім алушылар қиын элементтерді жақсы игеру үшін қозғалыс толық немесе бөлшектеп, ақырын өз қарқынында немесе баяу қарқында көрсетіледі;

б) жетілдіру кезеңінде оқытушы жаттығуды жоғары дәрежедегі спорт шеберлері орындағандай көрсетуі керек, ол білім алушыларды ынталандырады, сол деңгейде орындауға ұмтылдырады;

- жаттықтырушы жаттығуды көрсеткенде спорт залдың, алаңның ең қолайлы, білім алушылардың бәріне көрінетін, өзі де жаттығудың орындалуын бақылай алатын жерді таңдап алуы керек;

- қарапайым, жалпы жетілдіру жаттығуларын көрсеткенде «айнадан көру тәсілін» қолданған жөн;

- оқытушы көрсетуді өзі орындай алмайтын жағдайда: а) денсаулығына байланысты; ә) көрсету кезінде дененің қалпы жаттығуды түсіндіруге ыңғайсыз болса (мысалы, баспен төмен қарап тұрса), б) жаттығуды орындағанда мүмкін болатын қателіктерді білім алушының өзі арқылы көрсету керек болса, көрсетуді жақсы дайындығы бар білім алушыға тапсыруға болады.] Көрнекі құралдарды көрсету. Жаттығуларды бөлшектеп қарауда оның орындалу тәсілін түсіндіруде көрнекі құралдар, суреттер, плакаттар, фото, кино, бейне көріністер үлкен рөл атқарады (дене қалпы, статикалық дене тұрысы, т.с.с.).

Суреттеме-тақтаға немесе қағазға жаттығудың орындалу схемасын білім алушының түсіруі. Оқытушы сол суреттеме арқылы білім алушының жаттығуды орындауды қалай түсінгенін біледі. Сонымен қатар кино және бейне магнитофон таспаларында жазып алынған жаттығуды көрсету арқылы үлкен жетістікке қол жеткізуге болады, өйткені ол қозғалысты әр қырынан көрсетіп, тәсілдің барлық бөлшектерін анықтап түсінуге мүмкіндік береді [12].

Дыбыс және жарық белгілері. Жаттығудың басталуы мен аяқталуын есту және көру (сөрелік тапаншамен ату, мәреден жүгіріп өткен спортшыларды фотоға түсіру т.с.с.), ырғақ, амплитуда, қарқын, жаттығуға жұмсаған күш мөлшері уақытын метроном көмегімен өлшеу, суда жүзу жолдарын көрсететін түрлі-түсті жарық белгілері, жалаулар осылардың бәрі жаттығуды дұрыс, ынталы орындауға көмектеседі.

Қимыл-көрнекілігі әдісі екі түрде орындалады:

1) Қозғалыс туғызатын дене мүшелерінің ықпалы арқылы білім алушыларға сезіндіру (мысалы, конькимен жүгірушінің жартылай отыруын орындауды сезіну); 2) Қозғалысты еріксіз орындату (мысалы, допты немесе гранатты лақтыру кезіндегі қолдың атқаратын жұмысын оқытушы ұстап, орындатып көрсетеді), тренажерларды қолдану, олар арқылы керек қозғалысты орындатып сезіну, жаттығуды дұрыс орындау [15].

Тез хабарлау әдісі.

Бұл әдіс кезінде техникалық құрал-жабдықтар (бейне таспа, дыбыс лидері) және көмекші құралдар (мысалы, айна арқылы оқытушы мен білім алушы қозғалысты орындау сипаттамасы туралы тез мағлұмат алады және қателерін жылдам түзетіп отырады).

Қорытынды

Дене шынықтыру сабағында қолданылатын әдістемелік тәсілдер көп. Олардың бірі ескіріп, жоғалып жатса, екіншісі өзгеріп, ал келесі біреулері мұғалімнің ізденісімен өмірге келіп жатады. Сабақ беру деңгейінің әртүрлілігі мұғалімнің осы әдістемелік тәсілдерді көп білуіне, кеңінен қолдануына байланысты. Оқу процесінде дене шынықтыру әдістерін тиімді қолдану оқушылардың физикалық дамуы мен дайындығында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. **Тілеуғалиев Ю.** Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі. - Алматы, «Атамұра», 2003.
2. **Тілеуғалиев Ю., Адамбеков Қ., Қасымбекова С.** Дене тәрбиесі. 7 сынып. - Алматы, «Атамұра», 2003.
3. **Қасымбекова С., Мырзахмед Д.** Дене тәрбиесі сыныптан тыс жұмыстар. - Алматы, «Атамұра» 2001.
4. **Тлеулов Э.** Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі. - Шымкент, 2003.
5. **Тайжанов С., Кулназаров А.** Дене тәрбиесі. - Алматы, Атамұра, 2002.
6. Введение в теорию физической культуры: Учебное пособие для институтов Физ. культ./ Под. ред. Л.П. Матвеева. - М.: ФиС, 1983.
7. Теория спорта/Под. ред. В.Н. Платонова. - Киев, Вища шк., 1987.
8. **Филин В.П.** Теория и методика юношеского спорта: Учебное пособие. - М.: ФиС, 1987.

9. Теория и методика физической культуры / Под. ред. В.М. Шиянна-М.: Просвещение, 1988.
10. Теория и методика физического воспитания. Учебник для студентов фак. физ. культ. / Под. ред. Б.А. Ашмарина. - М.: Просвещение, 1990.
11. **Дошаков С., Каргин С.** Алғашқы әскери дайындық негіздері: Оқу құралы. - Қарағанды КазМУ, 2002.
12. **Базартегі Т., Тайжанов С.** Дене тәрбиесі. - Алматы, Атамұра, 2001.
13. **Қасымбекова С., Мырзамед Д.** Дене тәрбиесі сыныптан тыс жұмыстар. - Алматы, Атамұра, 2001.
14. **Тотенаев Б.** Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, Қайнар 1994.
15. **Тлеулов Э., Асубаев Б.** Спорт құрылыстары. – Шымкент, 2003.

Ержанова К.А.

📖 **Аннотация.** В данной статье идет речь о методах проведения занятий по физической культуре в организациях среднего образования. Также даны определения их видов. Эффективное использование этих методов на уроках физической культуры способствует повышению качества проведения занятий по физической культуре.

➡ **Ключевые слова:** метод, методика, отдых.

METHODS OF CONDUCTING PHYSICAL EDUCATION CLASSES

Yerzhanova K. A.

📖 **Annotation.** This article discusses various methods of conducting physical education classes in secondary education institutions. There are also definitions for their types. The effective use of these methods in physical education classes is a reason to improve the quality of conducting physical education classes.

➡ **Keywords:** method, methodology, rest.

УДК 372.879.6

ВОЗРАСТНЫЕ ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ПРИ ПЛАНИРОВАНИИ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ШКОЛЕ.

Зарипова И.Г.

КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области, г. Костанай, педагог-эксперт.

■ **Аннотация.** В работе рассматриваются возрастные физиологические аспекты развития организма при занятиях физической культурой в рамках общеобразовательной школы. Анализируется содержание планирования занятий с учетом вышеперечисленных факторов. Разбираются физиологические процессы, происходящие в растущем организме. Даются рекомендации при планировании занятий по физической культуре с учетом возрастных физиологических процессов.

→ **Ключевые слова:** физическая культура, физиология, урок, ученик, планирование, воздействие, польза, вред.

Актуальность исследования.

Физическая культура в школе занимает особое место и это обусловлено формой организации занятий, целями и задачами. При кажущейся простоте предмета, к урокам физкультуры в отличии от большинства других школьных предметов предъявляются очень разные и даже полярно-противоположные задачи. И если перед другими предметами ставятся задачи обучения, развития мышления, дисциплины, то к задачам физической культуры прибавляются еще задачи физического развития, закаливания организма, развитие и совершенствование таких качеств характера, как смелость, сила воли, скорость мышления и т.д. Стоит еще добавить, что урок физкультуры в школе имеет еще и релаксационную задачу, то есть ученик должен успеть расслабиться и отдохнуть от других занятий. В результате всего этого при проведении урока возникает серьезная проблема, как уместить в занятие длительностью 40 минут все эти задачи, в каком соотношении друг к другу эти задачи должны находиться, чтобы они «срослись» в общий «монолит», соответствующий цели урока. При постоянном реформировании системы образования, при изменении структуры планирования и методик проведения занятий, соответственно и разрушилась методология построения структуры урока физической культуры, сложившаяся предыдущими десятилетиями. Поэтому любые исследования, любые попытки что-то привнести в уже существующие методики, любой анализ и прогноз учебного процесса, является актуальным, так как этот процесс находится сейчас «в становлении» и ошибки, присутствующие в нем, такая же неотъемлемая часть, как и верные направления.

Цель исследования - составить рекомендации к методике построения плана урока физической культуры с учетом физиологических особенностей данного возраста занимающихся, вписывающуюся в «логику» календарно-тематического плана за год.

Методы исследования: Анализ и обобщение литературных источников, анализ методики планирования занятий.

За последние несколько лет в стране произошло множество реформ образования, при этом эти реформы происходили лавинообразно, затрагивали все стороны образовательного процесса, начиная от формы оценивания, и, заканчивая фундаментальными принципами педагогики. При этом проводимые реформы проводились без какого-либо экспериментального обоснования, а предполагаемые результаты выводились эмпирическим путем. Целью реформ является такое «расплывчатое» и обтекаемое слово, как оптимизация учебного процесса. Слово оптимизация является настолько абстрактным, что за ним не видно конкретных более мелких целей, а понимается это, как изменение чего-то, чтобы стало лучше. Более того по истечению каждого учебного года, из последних семи лет, предыдущая реформа также кардинально реформировалась, однако и в этом процессе присутствовало слово оптимизация, то есть каждый год мы оптимизируем ранее оптимизируемое, не дожидаясь каких-либо результатов предыдущей оптимизации. В итоге сложилась ситуация, когда все педагоги уже запутались в оптимизациях и без «поднятия» архивов приказов уже не вспомнят мотивы изначальных реформ. Результатом этих действия явилась ситуация, когда, упустив логику всех реформ, педагоги страны просто стали, грубо говоря, сочинять

новые оптимизации, целью которых является формальное изменение написанного в предыдущих планах.

Все изменения проходили так быстро и безосновательно и охватывали все сферы современной школы, что отделы образования и администрации школ просто в авральном режиме пытаются хоть как-то «выкрутиться» с основными, профильными предметами, и такие дисциплины, как физическая культура, трудовое обучение, музыка, непроизвольно обделены вниманием, что в данной ситуации, конечно же, нельзя ставить в укор руководящим организациям.

Ну теперь, после такого «грустного» введения, вернемся непосредственно к нашей теме – уроку физической культуры. Итак, первым действием начала реформ, естественно стало изменение документации по планированию, так как для отчетности это является первым наглядным показателем активных действий.

№	Тема урока	Цели обучения	Содержание практической части урока	кол-во часов	Ср
I четверть (16 часов)					
10-11	Техника безопасности. Основные понятия здорового образа жизни	3.1.6. 1 - анализировать навыки и умения по технике безопасности на различных этапах обучения	Упражнения на понимание важности физической деятельности для здоровья и здорового образа жизни	1	До 1
	Техника безопасности. Основные понятия здорового образа жизни	3.3.1.1 - обсуждать важность физической активности для здорового образа жизни	Определение трудностей и рисков, реагируя соответствующим образом во время участия в ряде физических нагрузок, направленных на укрепление здоровья	1	До 1
	Разминка и техника восстановления при выполнении физических упражнений	3.3.2.1 - демонстрировать разминку и технику восстановления в двигательной деятельности	Понимание необходимости в разминке и заминке тела в физической деятельности	1	До 1
	Разминка и техника восстановления при выполнении физических упражнений	3.3.3.1 - рассуждать о причинах физических изменений в организме при выполнении двигательных действий	Знание как контролировать физические изменения в организме, понимание влияния физических нагрузок на дыхание, частоту сердечных сокращений, температуру тела	1	До 1
	Разновидности бега, прыжков и метаний.	3.1.2.1 - демонстрировать двигательные действия, способствующие физическому развитию	Улучшение и выполнение сопряженных движений в различных физических упражнениях, которые	1	До 1

Была полностью перечеркнута вся логика планирования, выработанная десятилетиями, начиная от годового планирования и заканчивая поурочным. Конечно, мы не сомневаемся, что за первоначальным вариантом и скрывался какой-то логичный смысл, но он не смог раскрыться в более мелких деталях, к новому варианту не были разработаны внятные методические материалы, он не успел «обрасти» серьезными научными исследованиями, поэтому как и предполагалось изначально, была дана широкая воля полету творческой мысли каждого учителя в отдельности, но без понятия «осязаемой» цели, этот творческий всплеск превратился в «как хочу так и делаю».

Мы предлагаем, как один из вариантов, выстраивать логику планирования занятий исходя из того, что основной целью физического воспитания, согласно теории и методики физической культуры, является оптимизация

физического развития человека, всестороннего совершенствования свойственных каждому физических качеств и связанных с ними способностей в единстве с воспитанием духовных и нравственных качеств, характеризующих общественно активную личность [1]. То есть, первостепенно стоит задача физического развития организма человека. Исходя из этого, мы считаем целесообразным выстраивать планирование, как отдельного урока, так и увязывать целые блоки в календарно-тематическом планировании (КТП) с возрастной физиологией, то есть с физиологическими процессами, происходящими в растущем организме и влиянии на них физических упражнений. Конечно, многие скажут, что мы так и делаем, вероятно это так и есть, но вот по тексту из КТП невозможно как-то установить эту связь и последовательность. (рис 1.)

Исходя из этого, как нам и было предложено мы должны проявить творческую фантазию, но обязательно последовательно увязать ее с физиологией ребенка.

Для этого нам нужно обязательно вспомнить сенситивные периоды развития отдельных качеств ребенка (рис.2), а также «освежить» в памяти процессы, проходящие в растущем организме при физической нагрузке. [2] каждому периоду развития ребенка соответствует оптимальный период развития какого-либо физического качества, в этот период следует планировать упражнения развивающие именно эти качества. Возьмем, например, качество – быстрота. Быстрота развивается у детей в течение очень короткого периода жизни, и при этом это развитие делится еще на две части, в 10-11 лет идет развитие именно быстроты, процессов на уровне нервной системы, то есть «истиной быстроты», в дальнейшем в течении всей жизни этот параметр быстроты уже не будет развиваться. Далее с 12 до 15 лет быстрота развивается за счет изменений в миофибриллах, а это уже совсем другой процесс. И опытный учитель должен планировать свои занятия, что бы развивалось именно то качество, которое сейчас самое податливое. Это не значит, что нужно весь год заниматься спринтерским бегом, просто необходимо включать упражнения с акцентом на быстроту в любом разделе, будь то спортивные игры, легкая атлетика или национальные игры. Это касается именно непосредственного подбора упражнений в отдельном занятии. Потому что со стороны учителя будет «преступлением» пропустить этот единственный в жизни, короткий отрезок развития. То же касается и развития других качеств. Обычному рядовому учителю, нужно твердо понимать, что он несет ответственность за развитие всех детей своего класса, для одаренных спортивных детей существуют отдельные специальные организации, которые занимаются уже узкопрофильными задачами.

Качества	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Гибкость																	
Ловкость																	
Быстрота																	
Ск. – сил.																	
Сила																	
Выносл.																	

Рисунок 2. Таблица сенситивных периодов развития ребенка

Следующим пунктом в планировании должна стать последовательность и повторяемость упражнений. Этот пункт является основополагающим в правильном построении процесса физического развития. Именно в результате многократных повторений нагрузок, нацеленных на конкретную задачу, в течении длительного периода времени в организме ребенка происходит позитивный сдвиг в его метаболизме, внутренней среде, меняется весь гомеостаз.

Опять же это не значит, что нужно пренебречь другими качествами, но пропорционально преобладать должно именно качество сенситивного периода.

Может возникнуть вопрос: «А как быть с календарным планом, там же и спортивные игры, и легкая атлетика и т.д.?». Это никак не противоречит годовому планированию. В любом виде спортивной деятельности существуют упражнения, направленные на развитие конкретных качеств. И на том же примере, быстроты, ничто не мешает включать резкие ускорения или прыжки, будь то баскетбол, волейбол или гимнастика, без ущерба для обучения непосредственно навыкам игры.

Третий пункт это – объем нагрузки. Именно этот пункт самый опасный с точки зрения воздействия на организм. И, если несоблюдением предыдущих пунктов, мы просто не дадим пользы организму ребенка, то нарушением объема нагрузок мы можем уже навредить организму. И физическая нагрузка, как очень полезное лекарство в нужных объемах, при больших объемах уже будет выступать «ядом» для организма. В нашей работе мы не ставили задачу углубляться в изучение физиологии, как таковой, но хотелось бы привести один интересный пример из физиологии о том, как незаметно, непрофессиональное планирование нагрузки, в прямом смысле, калечит организм. У профессора Виктора Николаевича Селуянова есть интересная статья: «Сердце – не машина...!» [3] В этой статье интересно рассказывается о воздействии физической нагрузки на организм.

Все мы слышали такой термин, как «спортивное сердце», а вот как оно образуется- это интересная история. Дело в том, что миокард человека самая аэробная мышца в организме, однако же даже в

ней, при резком скачке и длительной нагрузке, при пульсе 180 уд/мин. и выше, состояние диастолы в сердце практически пропадает, и миокард не может расслабиться до конца. В результате этого происходит закисление сердечной мышцы и, при определенном уровне закисления, начинаются некротические изменения в миокарде. Эти изменения происходят постепенно и незаметны даже медицинскими приборами на начальной стадии, при этом нет необходимости в очень длительной нагрузке. Такие процессы запускаются примерно после 10-12 минут работы на пульсе выше 180 уд/мин. то есть такую нагрузку можно вполне задать в течении урока.

Разовая нагрузка такого плана не даст побочных эффектов, а вот частая и не систематизированная нагрузка вызовет уже нежелательные сдвиги. При дальнейшем развитии этого процесса, ткани миокарда, подвергшиеся некрозу, перерастают в соединительную ткань, которая, создавая объем сердца, не участвует в его работе. Этот объем соединительной ткани постепенно накапливается и, достигая критической массы, приводит к заболеваниям сердца, инфарктам и даже иногда к смерти. Примечательно при этом то, что сердце не чувствует боли, так как в нем практически нет болевых рецепторов, и человек до поры, до времени не замечает этих изменений.

Мы привели этот интересный пример для того, чтобы было понятно, как маленькие и, казалось бы, безобидные ошибки с объемами нагрузки приводят к роковым последствиям для организма. Конечно же, в школе на обычном уроке физкультуры сложно достичь таких тяжелых последствий, но неверно подобранная нагрузка может все же привести к переутомлению, потере концентрации и внимания и, как следствие травм, не менее опасных, чем ситуация с сердцем. Особенно это касается эмоциональных и сложно-координационных упражнений в гимнастике, где ученик в состоянии азарта не может адекватно оценить уровень своего утомления.

Таким образом, объем выдаваемой нагрузки имеет прямое отношение к физиологическим процессам происходящим в организме и его функциональному уровню.

Результаты исследования и рекомендации.

В нашей работе мы не ставили себе цель совершить какое-либо революционное открытие педагогики. Мы не ставили цель критиковать систему образования и ее реформы. Мы постарались в доступной для простого учителя физической культуры форме обозначить некоторые проблемы в планировании обычного урока физкультуры в школе, с которыми сами постоянно сталкиваемся. А также представили к размышлению, идею построения планов отдельного занятия, исходя из физиологического воздействия упражнения на организм, ставя его во главе угла.

Опираясь на физиологические основы особенности развития организма, мы сможем вполне достойно, совместить «несовместимое» - витиеватую тематику и содержание календарно-тематического планирования с реальностью, происходящей на уроке физической культуры, а главное при этом еще и принести пользу в учебный процесс.

Данная статья не является навязываемой панацеей для решения всех подобных проблем, но дает пищу к дальнейшим размышлениям о реальной и действенной оптимизации учебного процесса.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ.

1. **Холодов Ж.К., Кузнецов В.С.** Теория и методика физического воспитания и спорта: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2000 – 480 с. ISBN 5-7695-0567-2. Ст. 13.
2. **Солодков А. С, Сологуб Е. Б.** С60 Физиология человека. Общая. Спортивная. Возрастная: Учебник. Изд. 2-е, испр. и доп. — М.: Олимпия Пресс, 2005. —528 с.
3. **Селуянов В.Н.** «Сердце не машина...»: Журнал «лыжный спорт» №21.- М.: 2010.

МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫН ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ ЖАС ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Зарипова И.Г.

■ **Аннотация.** Жұмыста жалпы білім беретін мектеп шеңберінде дене шынықтыру сабақтарында ағзаның дамуының жас ерекшеліктеріне байланысты физиологиялық аспектілері қарастырылады. Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, сабақты жоспарлау мазмұны талданады. Өсіп келе жатқан организмде болатын физиологиялық процестер талданады. Анализируются физиологические процессы, происходящие в растущем организме.

→ **Түйінді сөздер:** дене шынықтыру, физиология, сабақ, оқушы, жоспарлау, әсер ету, пайда, зиян.

AGE-RELATED PHYSIOLOGICAL FACTORS, WHEN PLANNING PHYSICAL EDUCATION LESSONS AT SCHOOL

Zaripova I.G.

■ **Annotation.** This paper examines the physiological aspects of the development of the body depending on age in physical education classes in secondary schools. The content of lesson planning, physiological processes occurring in the developing organism are analyzed. Recommendations are given for planning physical education classes taking into account age-related physiological processes.

■ **Keywords:** physical culture, physiology, lesson, student, planning, impact, benefit, harm.

УДК

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маратов Е. Х.

Ақтау қ., Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі.

Аннотация. Мақалада дене тәрбиесін жетілдірудің негізгі бағыттары және дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын инновациялық технологиялар туралы айтылады. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын сақтауға деген қызығушылығын арттыру мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар да атап өтілді.

Тірек сөздер: техникалық және кәсіптік білім, білім берудің болашаққа бағдары, оқыту технологиялары.

Зерттеудің өзектілігі.

Білім беру саласын дамыту жүйесін қолға алып, әлемнің озық технологияларын меңгеріп, мың жерден дүниенің тетігін басқаратын құрылғы табылып жатса да, елдің болашағын, өмір сүру ұзақтығын сақтап қалу үшін адами құндылықтарды естен шығармағанымыз – өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің келешегінің болуына кепіл болар еді. Ең өкініштісі, кезінде туған жерінің топырағында жүріп-ақ, бірнеше тілді меңгеріп, әлемге атын мәшһүр қылған тұлғалардың еңбек жолын ескермей, қазір қай елде қандай стратегиялық даму бағыттары көрсетіліп жатса, лезде сол елдің тәжірибесіне көз салып, өзімізге әкеліп енгізе беруге дағдыланып алғанбыз. Ең әуелі біз, олардың, яғни қазіргі экономикасы дамып, технологиясы жергілікті тұрғындарының қажетіне тербеліп жатқан, оқытудың демократиялық қоғамда жүйелене түсуі орда бұзар отыздағы мемлекет үшін, әлі біреуге еліктеп, өзінің өзгелерден бөлек дарыны мен қабілетін шыңдай алмай жүрген мемлекеттің ең нашар күйі десем артық айтқаным болмас. Ақыл-санамен, батыл – жаңа қадамдарға көшу үшін, ғаламның торына шырмалып жатқан жасөспірімдердің санасын, пайдасынан зияны көп ақпараттардан сақтау арқылы нәтижелі іске көшсек болашағымыз осыншалықты қараңғы болмас еді. Әрине, бұл ойымды өз елінің азаматы ретінде ұлтына төніп тұрған соқырдың өзі көріп, керектің өзі ести алатын қауіпті құбылыстың болашағынан үміт күттірмейтін себебі мен салдарын айтты деп білгейсіздер!

Дене тәрбиесін оқытуда жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды, өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік

қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Жоғарыда айтып өткенімдей қазіргі қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да өзгеріс енгізуде. Оған қоса салауатты өмір салты, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, студенттердің дене тәрбиесін салауатты өмір салтымен байланыстыра қарастыру қажеттілігі тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі [1]. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі немесе колледждегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, оқу орындарынан тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі және техникалық және кәсіптік білім берудегі оқу бағдарламаларын құрастырудың бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде студенттердің қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген.

Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесін оқытушы мамандардың педагогикалық қызметіндегі инновациялық технологиялар тақырыбы бүгінгі күні өте өзекті. Ең өкініштісі, денсаулығына байланысты арнайы анықтамалармен дене тәрбиесі сабағынан босатылған білім алушылар санының көбейіп кетуі. Оның ішінде мүлдем қызығушылық танытпайтындардың қатары да қуанып отырған жоқ. Осы себепті педагогтер үшін

білім алушыларды қызықтыратын сабақтардың жаңа әдістерін енгізу өзекті бола түсуде.

Зерттеу мақсаты.

Білім алушылардың дене тәрбиесі процесінде қолданылатын инновациялық технологияларды жіктеу.

Зерттеу әдістері: әдебиет көздерін талдау.

Зерттеу нәтижелері.

■ **Annotation.** The article is devoted to the problem of involvement in the lesson of physical culture of children with poor health, who have certificates of exemption from physical activity at physical education lessons, for health reasons. The article provides examples of how, with the help of what, students with poor health can be involved in the lesson, how to arouse the interest and disposition of the child in games that develop physical qualities. The effectiveness of the inculcated skills, knowledge, communication skills and the development of physical qualities in students as the final result.

→ **Keywords:** professionalism of a modern teacher, methods, methods and approaches to teaching, motivation, result.

ӘОЖ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

А. Е. Тубирова

педагог-зерттеуші, Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Ақтөбе қ.

Ж. К. Касымов

педагог-зерттеуші, №33 жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Ақтөбе қ.

Аннотация. Бұл мақалада адам денсаулығына пайдалы гимнастикалық жаттығулардың пайдасы қарастырылады. Балаларды және ересектерді гимнастикамен шұғылдануға бағыттау кезіндегі олардың гимнастикамен шұғылдануға қызығушылығы, тұрақтылығы, қабілеті, тәрбиесі және тағы да басқа осы спортты игеріп алып кетуге қажетті жеке басының ерекшеліктері анықталады. Сонымен қатар гимнастикалық жаттығулардың ересектерге де пайдасы туралы айтылады. Гимнастикамен шұғылдануға белсенділікті қалыптастыру жолында спортпен шұғылдандудың ағзаға пайдалылығы және қимылдың, сұлулықтың, төзімділіктің, дене мүсінінің дұрыс қалыптасуына гимнастикалық жаттығулардың пайдасы зор екені көрсетіледі

Тірек сөздер: адам денсаулығы, денсаулық, салауатты өмір салты, спорт, гимнастика, дене шынықтыру, дене тәрбиесі, физикалық жаттығулар.

Зерттеудің өзектілігі.

Мақала жазу барысында ҚР Білім және ғылым министрлігі мақұлдаған мектеп бағдарламасындағы «Дене тәрбиесі» оқулығы мен республикалық оқу-әдістемелік педагогикалық журналдарға жарияланған ғылыми мақалалар мен әдістемелік нұсқаулықтар және республикалық «Денсаулық» журналы пайдаланылды.

Дене шынықтыру сабақтарындағы емдік гимнастиканың шығу және даму тарихына арналған ғылыми еңбектер көптеп саналады, әсіресе емдік жаттығулардың денсаулыққа әсерін анықтауға П.Ф. Лесгафт, И.М. Саркизов Серазини, В.М. Мошков, Д.Ф. Шпаковский, т.б. сияқты ғылымдар үлкен үлес қосты. Әр ғасырдың өзіне тән емдеу әдісі және соған сәйкес дене тәрбиесі болған [1]. Емдік гимнастика ежелгі Греция елінде де үлкен қарқынмен дамыған. Оған мол үлес қосқан атақты ғалым – медициналық атасы – Гиппократ (біздің дәуірімізге дейінгі 400-370 жыл) еді [2]. Ежелгі Рим медицинасында емдік гимнастиканың пайда болуына ықпал жасаған, үлкен еңбек сіңірген, атақты ғылымдар Целий, Цельс, әсіресе, белгілі рим дәрігері Гален болды (біздің дәуірімізге 200-130 жылдар шамасы). Целий өз туындыларында көптеген созылмалы ауруларға қарсы, міндетті түрде, дене тәрбиесін қолдану керектігін атап көрсеткен. Әсіресе сал, нерв жүйесі ауруларын жазуда емдік гимнастика мен массаждың айрықша пайдалылығын дәлелдеген. IX – X ғасырларда ғұлама ғылым, әлемге аты әйгілі ұлы дәрігер Авиценна (Әбу-Әли Ибн Сина) осы салада үлкен еңбек жазып шыққан [3].

Гимнастика – қимыл қозғалыс жаттығуы. Гимнастика – мектептегі дене шынықтыру бағдарламасының негізгі бөлімі. Бұл – жас жеткіншектердің қимылдық қозғалысқа түсуі мен дене бітімін дұрыс қалыптастыруда, ептілікке маңызы мен пайдасы зор. Гимнастика спорт түрі - арнайы жаттығулар жүйесінен тұратын, адам денсаулығын нығайту және оның денесінің үйлесімді дамуы үшін қолданылатын дене шынықтыру мен әдістемелік тәсілдер. Қазақстанда гимнастиканың (грекше *gymnastike*, *gymnazio* – жаттығу жасаймын, жаттықтырамын) акробатика, көркем гимнастика және спорттық гимнастика сынды түрлері жақсы дамыған. Гимнастшылардың халықаралық одағы 1897 ж. ұйымдастырылған. Қазақстан оған 1994 жылдан мүше [4].

Зерттеудің мақсаты.

Зерттеу мақсаты мен нысаны – мектеп оқушыларын және олардың ата-аналарын, ересектерді гимнастикалық жаттығу жұмыстарына тарту, жеңіл атлетика мен қозғалыс ойындарымен шұғылдануға, спорт саласына қызығушылығын арттыруға, салауатты өмір салтын ұстану жолдарын зерделеу.

Зерттеу әдістері: әдебиет көздерін талдау, педагогикалық бақылау.

Зерттеу нәтижелері: Бұл жұмысты көркем гимнастика үйірмесінде, мектеп бағдарламасындағы дене шынықтыру сабағы мен факультативтік – спорттық, би үйірмелерінде, сыныптан тыс спорттық іс- шараларда, отбасылық спорттық сайыстарда, үлкен адамдарға арналған емдік гимнастика терапиясында, денсаулық топтарында қолдануға болады.

Адам денсаулығына өте пайдалы ертеңгілік гигиеналық гимнастика — таңертең ұйқыдан кейін организмнің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіруді тездететін дене жаттығулары. Ұйқы кезінде адамның орталық нерв жүйесі де тынығады. Бұл кезде жүректің соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшық еттері босап, организм толық демалады [5]. Ұйқыдан ояңғаннан кейін орталық жүйке жүйесі мен әртүрлі органдардың қызмет белсенділігі арта бастайды. Таңғы дене жаттығуларын орындау барысында қозғалысқа түскен бұлшық еттер мен буындар орталық жүйке жүйесін белсенді жұмыс істеуге ыңғайлайды. Сонымен қатар ішкі органдардың жұмыс істеу қабілеті жақсарып, өзін сергек сезінген адамның еңбекке деген ынтасы да артады. Таңертең дене тынықтыру үшін түрлі спорттық бағдарламалардағы немесе каналдардағы, тіпті Ютуб каналындағы, инстаграм парақшасындағы спорт блогерлерінің көрсететін жаттығулар жүйесін пайдаланған ыңғайлы. Осы мақсатта қолдануға болатын жаттығулар топтамаларының бірін <https://www.youtube.com/watch?v=CaRXWUjGBw> сілтеме бойынша табуға болады. Егер ондай мүмкіндік жоқ болса, өз бетінше қарапайым жаттығулар жүйесін ойластырған тиімді.

1. Гимнастика және емдік гимнастикалық жаттығулардың пайдасы

Гимнастика дегеніміз - дене тәрбиесі жүйесінің негізін қалайды. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болмасын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары-спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы-гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды [6].

Жалпы гимнастиканың барлық түрлері денсаулыққа пайдалы. Қазіргі таңда гимнастиканың бірнеше түрлері бар. олар емдік гимнастика, ырғақты гимнастика, атлетикалық немесе спорттық гимнастика, калланетика, стрейчинг т.б.

Гимнастиканың ішінде емдік гимнастиканың ағзаға пайдасы өте зор. Ол мектеп жасындағы балаларға да ересек адамдарға да пайдалы. Емдік гимнастика дұрыс қолданылса, денені жылдам сергітіп, ауруға төзімділігін арттырып, қорғаныс қабілетін нығайтып, сырқаттың жылдам айығуына ықпал етеді. Емдік гимнастика адам денесіне әсер еткенде күрделі құбылысқа сүйенеді. Ол – жоғары жүйке жүйесі мен гуморалды (денедегі сұйық зат) реттеуші күштер және моторлы-висцералдық рефлексдер [7]. Ырғақты гимнастика (ритмика)

- Эмиль Жак-Далькрозе жасаған музыкалық және ырғақты білім беру жүйесі. Әдіс ырғақ сезімін дамытудан тұрады - уақыт сезімі, басқаша айтқанда, адамның жүйке және бұлшықет қызметі арасындағы үйлестіруді дамытудан тұрады, бұл ең күрделі қозғалыстарда автоматизмге жетуге көмектеседі [8]. Атлетикалық немесе спорттық гимнастика - жалпы дамыту жаттығуларының арнаулы мақсатты түрде дене құрылысын жетілдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл жаттығулар арнаулы гимнастикалық жабдықтармен орындалады. Айталық брусья, қосшоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажерлық аспап-құралдарда орындалады. Атлетикалық гимнастика негізінен - жалпы дамыту мақсатында спорт ретінде де қарастырылады. Стретчинг және калланетика (созылуға арналған жаттығулар) жұмыс істеу қабілетіңізді қайта қалпына келтіреді, қимыл қозғалыс үйлесімділігі мен тепе-теңдік сезімін жақсартады. Күнделікті созылу жаттығулары бұлшықеттерді нығайтып, қозғалысты жеңілдетеді [9].

1.1. Балалар мен ересектерге арналған емдік гимнастикалық жаттығулар мысалдары. Бұл жаттығулар сколиоздың алдын алады, бұлшық ет жарақатынан қорғайды, дененің созылуын ретке келтіреді, мүсіннің қалыпты жағдайда болуына және ересек адамдарда болатын қан қысымының қалыпты болуын реттейді.

Бірінші керілу және созылу жаттығулары: Аяқты бірге немесе иық ендігіне сай қояды. Әуелі екі қолды желкеге қойып, содан кейін бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жайға қарай созады, одан соң керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды. Бұл жаттығу тыныс алу органының жұмысына жақсы әсер етеді. Жаттығу кезінде екі иық пен басты артқа қарай шалқайта тұрып, дененің барлық бұлшық еттерін қозғалысқа келтіру қажет. Жаттығу барысында қолды жоғары көтерген сәтте саусақ ұшына қарап тұрған жөн. Керілу кезінде аяқтың ұшымен тұру арқылы жаттығуды күрделілендіруге болады. Жаттығу баяу, ақырын жасалуға тиіс. Ырғақ: 1—2 — керілу — тыныс алу; 3—4 — бастапқы қалыпқа оралу дем шығару.

2. Медицина тұрғысынан гимнастикалық жаттығулар арқылы сколиоз диагнозының алдын алу және омыртқаны қалыпқа келтіру.

Сколиоз — бұл фронталдық жазықтықта омыртқа қисықтығы, яғни артқы жағынан қараған кезде омыртқаның жоғарғыдан төменге дейін орналасуы керек. Сколиозда омыртқалы сызық оңға, солға (С-тәрізді сколиоз) немесе екі жағына (S-тәрізді сколиоз) ауытқиды. Бұған қоса балаларда постудияның басқа түрлері болуы мүмкін: лордоз (алға қарай шығу), кифоз (артқа), сондай-ақ бұл қисықтықтардың түрлі комбинациясы. Маңызды

көрсеткіш — омыртқаның «рентген» кейін дәрігер анықтайтын бұзушылықтардың көрінісі мен дәрежесі [10].

Омыртқаның қисаюына арналған физиотерапиялық жаттығулар алдымен сколиозға арналған жаттығу терапиясы маманның бақылауымен, содан кейін үйде жасалуы керек. Бұл ағымдағы жағдайды нашарлатуы мүмкін дұрыс емес орындау техникасының пайда болуын жояды. Әдетте, сколиоз артқы жағында және визуалды қарау кезінде ыңғайсыздықпен көрінеді - сіз омыртқаның оңға немесе солға қарай С немесе S тәрізді қисаюын көре аласыз. Иықта қисаю мүмкін - біреуі жоғары, ал екіншісі - төмен болады. Сколиозға арналған жаттығу терапиясын жүргізу ережелеріне мыналар кіреді: Дене белсенділігі мұқият жылындан кейін басталады. Жылытусыз жарақат алу қаупі артады. Барлық жаттығулар тегіс және баяу, серпілмей, серпілмей, жатып та, тұрып та орындалады. Тез және күрт орындау омыртқа аралық дискілердің жарақатын тудыру мүмкін.

Сколиозға алғашқы деңгейдегі қыздырыну (разминка) қалай жүзеге асырылады: Омыртқаның түзу орналасуы. Қабырғаға дейін көтеріліп, өкшеңізді жерге тіреп, арқаңызды басыңыз. Мойын, иық пышақтары, бастың артқы жағы және бөкселер қабырғаға тиіп тұруы керек. Бұл бекітілген күйде дененің дене аймағындағы дененің орналасуын өзгертпестен қабырғадан алшақтаңыз. Тыныс тыныш және біркелкі болуы керек. Әрі қарай баяу отыру. Аяқтарды алшақ қойып, иық деңгейіне алшақтату. Төмен түскен кезде еденге параллель қолыңызды алға созу. Бұл позиция арқаңызды түзу ұстауға мүмкіндік береді. Төмен түсіргенде дем алу, ал түзелгенде дем шығарыңыз. Мойын мен арқаның босаңсыған бұлшықеттері бар иықтардың айналмалы қозғалыстары. Жотаны созу. Қолыңызды төмен түсіре отырып, ыңғайлы, еркін позицияны табыңыз. Қолдарыңызды жоғары қарай көтеріп, мүмкіндігінше денеңізді және арқаңызды созыңыз. Бұл қыздыру фазасы таңғы оянғаннан кейінгі әдеттегі созылуына ұқсайды. Содан кейін ақырын төмен түсіп, дем шығарған кезде қолдарыңызды дененің бойымен созу [11, 12].

2.1.Сколиозға арналған емдік гимнастикалық жаттығулар жиынтығының негізгі қимылдарды [13, 14]:

1. Аяқтарды жатқызу күйінде, қайшыны имитациялау. Жамбаспен жатып, аяғыңызды жамбаспен көтеріңіз. Құлап қалмас үшін істі қолыңызбен жөндеген жөн. Әрі қарай, крест тәрізді аяқтардағы серпіліс жасаңыз. Екінші нұсқа, денені көтермей - сол және оң аяқтарыңызды еденнен 15-20 см жоғары көтеріп, бірдей қимылдарды кезек-кезек орындаңыз. Бұл нұсқада іш бұлшықеттері

жұмысқа белсенді қатысады. Орындау ұзақтығы - әр аяқпен 15-20 рет серпіліс. Науқастың дене дайындығына байланысты тәсілдердің саны 1-4 құрайды.

2. Төрт аяққа тұрып, қолыңызды еденнен көтермей, бөксеңізді өкшеңізге қойып отырыңыз. Одан кейін, алақаныңызды пайдаланып, көлденең жазықтықта денеңізді оңға және солға жылжытыңыз. Бүйір жағынан, бұл екі жаққа теңселіп, қозғалыстарды біркелкі және толқынмен орындау сияқты. Жаңадан бастаушы бірнеше қайталаудан бастауы керек. Неғұрлым жетілдірілген қолданушы кем дегенде 10 құрайды.

3. «Китти» классикалық жаттығуы. Мұны үйде жасауға болады. Төрт аяғыңызға сүйеніп, бел аймағындағы омыртқаны біртіндеп бүге бастаңыз, ал қарсы бағытта кеуде аймағында бүгілу керек, бірақ жоғары. Қайталау саны 4 тәсілде 10-15 құрайды. Соңында жотаны түзету керек.

4. Арқа, жамбас және иықтарды созу. Жаттығуды орындау үшін тізе-локте тұрыңыз және аяқ-қолдың көлденең орналасуына қолыңызды және аяғыңызды кезек-кезек көтеріңіз. Ұсынылған қайталанулар саны - 4 жиынтықта 15-20.

Дене шынықтыру сабағында гимнастикалық жаттығуларды үйрету процесі, оқушының өзінің қозғалыс мүмкіндіктерін бағалай білуге баулиды, қозғалыс әрекеттерінің жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді. Бұл оқу міндеттерін бөлу, қозғалыстың сараптамасы мен синтезін кеңінен қолдану, қозғалысты жаңа қозғағыш әрекетіне ұштастыру және әр алуан дене жаттығуларын зерттеп үйрену арқылы жүзеге асырылады. Гимнастикада тәрбие беру міндеттерін жүзеге асырудың ерекше құралдары бар. Мұның бәрі тәртіпке, зерделілікке баулиды, ерік-жігер мен мінез-құлықтың нығаюына көмектеседі. Сөйтіп гимнастика тәсілдері жалпы дененің жетілуін қалыптастыру міндеттерін шешуге, жаттығу жасаумен айналысатындардың жасы мен дайындығына сәйкес дене шынықтыру жаттығуларын қолдануға, дене тәрбиесінің сауықтыру және тәрбиелік-білім беру міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Гимнастикамен шұғылдану дұрыс мүсіннің, саптық жинақылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Гимнастиканың мазмұны саналуанды: ол жүріс, жүгіріс, секіру, эстафеталар, сонымен қатар гимнастикалық снарядтарда жаттығу (маңдайша, қырлы бөренелер, ат, шығыршықтар және т.б.). жаттығулардың көп әртүрлілігі, жүктемені қатаң реттеу мүмкіндігі гимнастиканың қолжетімділігін анықтайды [15].

Мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер үшін дене тәрбиесінің негізгі мақсаты олардың қозғалыстарының бағыттарын анықтау, қозғалысқа икемділіктерін арттыру болғандықтан, оларға арналған жаттығулардың

жиі ауыстырылып тұрғаны жөн. Мектепке бармаған бүлдіршіндер үшін мұндағы ұсынылып отырған жаттығулардың кейбіреулері тым күрделі, сондықтан ең қарапайым, көп қайталанбайтын жаттығулар таңдап алып, олардың орындалуын тұрақты қадағалан отыруға болады. Балалардың қозғалыс қабілеттерін жетілдіру үшін мынадай жаттығулар өте пайдалы допты лақтырып жіберіп, қайтадан ұстап алу; допты бір қолдан екінші қолға лақтырып ойнау; 180 және 360 градусқа айналып барып, екі жаққа кезек секіру, екі аяққа алма-кезек салмақ сала еңкею қимылдарын жасау, «жатқан күйде» қолды желкеге қарай жіберу, шалқадан жатып бір қырымен етпеттеп, қолдың көмегінсіз аунап түсу. Осындай екі-үш жаттығу таңертеңгі гимнастикада міндетті түрде орындалуға тиіс. Гимнастикамен ауасы тазартылған бөлмеле, ал жаз айларында таза ау ада, далада шұғылданған жөн. Киім жеңіл болғаны дұрыс. Гимнастикадан кейін су процедурасын қабылдау керек. Қорыта айтқанды балалар мен ересектерді гимнастикалық жаттығуларды үнемі жасап тұруға шақырамын. Жалпы салауатты өмір салтын насихаттай отырып, спортпен шұғылдануға кеңес беремін.

Қорытынды.

Мақаламды қорытындылай келе, бүгінгі таңдағы мектеп бағдарламасындағы дене шынықтыру сабақтарында оқушыларды гимнастикалық жаттығуларды жасауға, жаттығулардың түрлері мен олардың қимылдық ерекшелігін, денсаулыққа пайдалылығын ескерту жұмыстарын жүргізу, ата – аналармен жұмыс жүргізу, отбасылық спорттық сайыстар өткізу, оқушымен оның ата анасына, туыстарына салауатты өмір салты мен қатар спортты насихаттау – мұғалімнің міндеті. Осыған орай спорт саласы ретінде гимнастиканың атқаратын рөлі зор екенін түсіндік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. **Қуаныш Т.Ш.** Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. – Алматы: Атамұра. – 2005. – 85 б.
2. **Аманбаев Р.Р.** Дене тәрбиелеу мәдениеті ілімін оқып үйрену жөніндегі әдістік нұсқаулар. – Алматы.: Атамұра, 1991. – 41 б.
3. 5-11 сыныптарға арналған мектептің дене тәрбиесі бағдарламасы / С.И. Касымбекова, Ю.Г. Тилеугалиев, С. Тайжанов. Алматы: Атамұра, 2000. 68 б.
4. Гимнастика: Учебник / под ред. Т.А. Брыкина, В.Н.Смолевского. – М.: ФиС, 1985. – 512 с.
5. Балалар энциклопедиясы. III-том.
6. **Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.К.** Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2009. – 480 б.
7. Спортивная гимнастика: Учебник / под ред. Ю.К. Гаввердовского, В.М. Смолевского. – М.: ФиС, 1972. – 243 с.
8. Гимнастика с методикой преподавания: Учебник / под ред. В.М. Смолевского. – М.: ФиС, 1982. – 221 с.
9. **Ікіманова Г.** Емдік гимнастика маңызы // Денсаулық. – 2011. № 11. – 36 б.
10. **Тайжанов С., Төтенбай Б.** Дене тәрбиесі: Оқулық 5-класс. Гимнастика дене мүшелерінің негізгі қимылдары. – Алматы: Атамұра, 2001. – 65 б.
11. Денсаулық энциклопедиясы. Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 486 б.
12. **Брыкин А.Т.** Гимнастическая терминология. - М.: ФиС, 1969. – 593 с.
13. Гимнастика: Учебник для техникумов физической культуры / под ред. Брыкина А.Т., Смолевского В.М. – М.: ФиС, 1985. – 226 с.
14. Гимнастика: Учебник для студентов средних физкультурных учебных заведений / под ред. М.Л. Украна, А.М. Шлемина. – М.: ФиС, 1971. – 168 с.
15. <https://stud.kz/> Сайт материалдары.

ЛЕЧЕБНЫЕ СВОЙСТВА ГИМНАСТИЧЕСКИХ УПРАЖНЕНИЙ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

А. Е. Тубирова, Ж. К. Касымов

📖 **Аннотация.** В этой статье рассматриваются преимущества гимнастических упражнений, которые полезны для здоровья человека. При ориентировании детей и взрослых на занятия гимнастикой определяются их интерес к занятиям гимнастикой, устойчивость, способности, воспитание и другие личностные особенности, необходимые для овладения этим видом спорта. Также сообщается о пользе гимнастических упражнений для взрослых. На пути формирования активности к занятиям гимнастикой показано, что занятия спортом полезны для организма и полезны гимнастические упражнения для правильного формирования движений, красоты, выносливости, осанки.

➡ **Ключевые слова:** здоровье человека, здоровье, здоровый образ жизни, спорт, гимнастика, физическая культура, физическая культура, физические упражнения.

HEALING PROPERTIES OF GYMNASTIC EXERCISES IN PHYSICAL EDUCATION CLASSES

Tubirova A. E., Kasymov Zh. K.

📖 **Annotation.** This article discusses the benefits of gymnastic exercises that are good for human health. When directing children and adults to engage in gymnastics, their interest in gymnastics, stability, ability, upbringing and other personal characteristics necessary for mastering this sport are determined. In addition, the benefits of gymnastic exercises for adults are also mentioned.

➡ **Keywords:** human health, health, healthy lifestyle, sports, gymnastics, physical education, physical education, physical exercises.

УДК 377.8; 371.14

LESSON STUDY КАК МЕХАНИЗМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ФОРМ ПРЕПОДАВАНИЯ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Хасанова Г.М

заместитель руководителя по учебно-методической работе магистр педагогических наук

Дрейт Н.А.

руководитель Ассоциации учителей физической культуры, педагог-мастер

Котов С.О.

член Всемирной организации исследований урока WALIS, Высший педагогический колледж, г. Щучинск, педагог-эксперт химии, vpk.umn30@gmail.com

Аннотация. В статье описывается опыт исследования в формате Lesson Study, посвящённое развитию навыков командного взаимодействия на уроках физической культуры в высшем педагогическом колледже г. Щучинск, осуществлённой в рамках проекта «школа молодого педагога». Исследование включало стандартные процедуры Lesson Study, используемые для изучения фокус группы – трёх учащихся, представляющих различные группы в классе. В качестве основы использовалась ролевая модель, которая включала этапы выбора и реализации определённой роли. В процессе исследования были определены основные проблемы модели: сложные характеристики, отсутствие механизма смены ролей, точность дескрипторов и даны соответствующие рекомендации к ним. Данное описание педагогического опыта предназначено для административных команд и педагогов колледжей.

В работе представлен алгоритм внедрения системы обмена опытом на примере работы команды педагогов в рамках Lesson study для получения высоких образовательных результатов и успеха каждого студента. В статье подробно описываются этапы проведения исследования с выводами и рекомендациями для педагогов.

Ключевые слова: исследование урока, совершенствование методик, школа молодого педагога.

Актуальность исследования.

Lesson Study – педагогический подход, характеризующий особую форму исследования в действии на уроках, направленную на совершенствование знаний в области учительской практики. Подход основан в Японии в 70-х годах 19-го столетия, опередив, примерно на 70 лет, используемый на Западе подход «Исследование в действии» [1].

Суть исследований урока заключается в развитии навыков сотрудничества в педагогическом коллективе с целью анализа уроков, студенческой группы, определения проблемных вопросов, улучшения качества планирования урока и, как следствие, повышения качества обучения студентов. В связи с его высокой эффективностью, он нашёл широкое применение в качестве инструмента развития педагогов школ [2,3] в рамках перехода на обновлённое содержание образования. При этом, в настоящее время он довольно редко встречается в средне-специальных организациях и поэтому опыт его использования в Типо представляет большой интерес. В данной статье представлен краткий обзор опыта внедрения технологии Lesson study в Высшем педагогическом колледже города

Щучинска, как одного из аспектов работы над реализацией методической проблемы колледжа «Формирование конструктивной образовательной среды для развития исследовательских навыков студентов».

Цель исследования: развитие навыков командного взаимодействия на уроках физической культуры для повышения уровня физической подготовленности обучающихся.

Методы исследования: наблюдение, сравнение, эксперимент, измерение, интервьюирование, совместное планирование.

Результаты исследования: первое (установочное) заседание рабочей группы было проведено с целью согласования функциональных обязанностей и урегулирования взаимоотношений участников группы, обсуждения условий и правил, призванных обеспечить результативность исследования. Были составлены листы наблюдения, по которым планировалось отобрать несколько учащихся в фокус группу исследования. План урока был обсужден и дополнен заранее, так же во время предварительного обсуждения группы.

Для проведения Lesson Study использовались инструменты, признанные классическими в педагогическом сообществе: совместное планирование, листы наблюдения, интервьюирование, совместное построчное обсуждение.

По результатам предварительного изучения было определено, что студенческий микро коллектив представлен тремя однородными группами, представители которых и составляли фокус группу исследования.

При разработке поурочного плана первого урока «Гимнастика. Обучение технике кувирка вперед», все задания составлялись так, чтобы посредством командного взаимодействия к концу урока все студенты достигли ожидаемых результатов занятия. В течение урока педагоги заполняли схему наблюдения за студентами, единственным критерием которого было «Как студент выполняет задание / отвечает на вопросы согласно этапам урока». После урока проводилось интервьюирование обучающихся, студенты отвечали на вопросы: «Что ты узнал сегодня на уроке? Чему ты научился? Где у тебя были трудности? Как выходил из трудностей? Кто тебе помог? Что тебе помогло? Что бы ты изменил на сегодняшнем уроке? Что тебе не понравилось на уроке? Что тебе больше всего понравилось на уроке?».

По результатам проведения первого урока было проведено обсуждение, в ходе которого, кроме положительных моментов, был отмечен слабый уровень навыков самооценивания и взаимооценивания, что тоже является причиной слабых показателей командной работы, так

как отсутствие объективной самооценки ведет к пассивному взаимодействию. Как следствие, рабочая группа пришла к выводу, что критериев само- и взаимооценивания было составлено неоправданно много и не все они вели к реализации цели обучения и фокуса исследования. Также было озвучено, что вопросы для интервьюируемых, а точнее, ответы на них, никак не решают проблемные вопросы рабочей группы.

По итогам обсуждения были приняты следующие решения:

1. определить фокус исследования «Развитие ролевого взаимодействия на уроках физической культуры как формы командной работы».
2. Разработать детальный поурочный план для проведения последующих уроков.
3. Составить четкие критерии оценивания деятельности студентов для каждого этапа урока;
4. Разработать критерии успеха к схеме наблюдения с целью объективного «отслеживания» траектории развития исследуемых студентов.
5. Составлять взаимозависимые от фокуса исследования вопросы для интервью. На втором занятии: при «выполнении комбинаций акробатических упражнений» планировалось дважды провести деление на группы. Одним из первых заданий было: «распределить предложенные роли в группе для подбора и проведения обще развивающего упражнения на месте с предметом (мячи) для мышц шеи и пояса верхних конечностей с другими группами в соответствии с предложенными характеристиками» (см. Таблицу 1)

Таблица 1 – Критерии распределения ролей в микрогруппе, задание 1

Тип	Характеристики личности	Вклад в работу команды	Допустимые слабости
Председатель / Координатор:	Зрелый. Уверенный в себе, доверяющий.	Разъясняет цели и расставляет приоритеты. Мотивирует коллег, повышает в должности.	Не очень интеллигентен, личность невысоко творческая.
Генератор идей / Мыслитель:	Умный. С хорошим воображением. Неординарный.	Предлагает оригинальные идеи. Решает сложные вопросы.	Слабо контактирует и плохо управляет обыкновенными членами команды.
Работник / Исполнитель:	Консервативен. Дисциплинирован. Надежен.	Организует. Претворяет в жизнь идеи и планы.	Негибок. Медленно реагирует на новые возможности.
Снабженец / Разведчик:	Экстраверт. Энтузиаст. Любопытен. Общителен.	Изучает новые возможности. Развивает контакты. Переговорщик.	Теряет интерес по мере угасания первоначального энтузиазма.

Второе задание для работы в команде звучало так: «Выбрать роли из предложенных, согласно количеству членов группы и распределить их в группе, для подготовки выступления выполнения комбинации акробатических упражнений: кувырок вперед - перекат назад в стойку на лопатках - перекат вперед в стойку на коленях, руки на пояс. (Примечание: если вам нужна другая роль, не указанная в предложенных, вы можете её придумать)». (см. Таблицу 2).

Таблица 1 – Критерии распределения ролей в микрогруппе, задание 1

Тип	Характеристики личности	Вклад в работу команды	Допустимые слабости
Председатель / Координатор:	Зрелый. Уверенный в себе, доверяющий.	Разъясняет цели и расставляет приоритеты. Мотивирует коллег, повышает в должности.	Не очень интеллигентен, личность невысоко творческая.
Навигатор / Формирователь:	Очень сильная личность. Общителен, динамичен.	Способен работать в режиме высокого напряжения, преодолевать препятствия для достижения цели.	Легко поддается на провокацию.
Генератор идей / Мыслитель:	Умный. С хорошим воображением. Неординарный.	Предлагает оригинальные идеи. Решает сложные вопросы.	Слабо контактирует и плохо управляет обыкновенными членами команды.
Наблюдатель / Оценщик:	Трезво оценивает обстановку. Интеллигентен. Скуп на эмоции. Объективен.	Рассматривает все варианты. Анализирует. Стараются предвидеть результат.	Недостает способности вдохновить остальной коллектив.
Работник / Исполнитель:	Консервативен. Дисциплинирован. Надежен.	Организует. Претворяет в жизнь идеи и планы.	Негибок. Медленно реагирует на новые возможности.
Снабженец / Разведчик:	Экстраверт. Энтузиаст. Любопытен. Общителен.	Изучает новые возможности. Развивает контакты. Переговорщик.	Теряет интерес по мере угасания первоначального энтузиазма.
Коллективист / Миротворец:	Ориентирован на общество. Мягко, уживчив, восприимчив.	Слушает. Строит, улаживает разногласия. Работает с трудными людьми.	Теряется в острых ситуациях.
Человек, расставляющий точки над «i»/ Доводчик:	Сознательный. Беспокойный	Ищет ошибки, недоработки. Концентрируется и ориентирует других на установленные сроки.	Имеет тенденцию напрасно беспокоиться. Не любит делегировать полномочия.
Душа команды	Мягкий. Дипломатичный.	Создаёт в команде дружескую атмосферу, помогает решить конфликты.	Не настойчив, хочет угодить всем.
Контролёр	Добросовестный. Тревожный.	Завершает работу, «перечёсывает» работу всей команды.	Часто переживает, иногда больше, чем нужно.

В течение уроков заполнялась схема наблюдений за исследуемыми обучающимися по следующим критериям успеха и ожидаемым результатам соответственно:

1. выбор и распределение ролей из предложенного списка – фиксация присвоения роли каждому участнику; время, затраченное на распределение ролей (Z – быстро, L – средняя продолжительность, D – медленно);
2. преобладание положительных эмоций – дружелюбное отношение на протяжении выполнения совместных действий; выражение радости мимикой и жестами;
3. степень освоения роли – соответствие выполняемой роли; умение преодолевать трудности в процессе освоения роли;
4. придумали новую роль – предложение нового названия роли; умение составить характеристику роли.

По завершению уроков проводилось интервью, наблюдаемые студенты отвечали на вопросы: «Испытывал ли ты трудности при распределении ролей? Нравится ли тебе выполнять конкретную роль? Была ли оказана помощь со стороны других студентов в понимании и выполнении твоей роли? Как ты считаешь, учитывались ли индивидуальные способности и личные качества при распределении ролей? Как ты думаешь, способствует ли эффективности работы в команде выполнение задания по ролям?».

При обсуждении второго и третьего уроков было отмечено, что студенты группы спокойно выбирали и распределяли роли, дружелюбно относились друг к другу на протяжении выполнения совместных задач, наблюдалось соответствие выполняемой роли ее описанию. Во время интервьюирования студенты подтвердили предположение о том, что работать в команде стало легче, когда конкретно указаны роли и их характеристики, так как зачастую в команде может не оказаться лидера, который бы наделял каждого ролью по своему усмотрению. В этом случае взаимодействие неосуществимо, каждый член команды предоставлен сам себе только потому, что одnogруппники не могут или не хотят разделять ответственность при выполнении задания, тогда эта миссия ложится на плечи самого успешного в команде студента, остальные получают оценки по его результатам. Так же педагоги отметили, что студенты не справились с критерием «Придумали новую роль», что тоже послужило сигналом.

При обсуждении уроков на тему «Выполнение комбинации акробатических упражнений» решено:

1. упростить характеристику каждой роли;
2. продумать механизм смены ролей;
3. проанализировать – как роли влияют на успеваемость всей группы;
4. ответить на вопрос – как команда на уроке влияет на успешность другой команды;
5. конкретизировать дескрипторы к каждому заданию;

6. не нагромождать задания. В данном случае – сократить количество ролей, определить – какую ценность несет критерий «Придумали новую роль».

Поурочный план урока был откорректирован с учетом всех обсуждений и рекомендаций, далее по нему был проведен аналогичный урок в другой группе, цель обучения была достигнута.

Выводы: По результатам данного исследования серии уроков был проведен очередной методический совет колледжа, на котором рабочая группа представила свой опыт, озвучила основные выявленные пробелы в знаниях и навыках студентов первого курса:

1. слабые навыки командного взаимодействия, неумение распределять роли/функции в микрогруппе, находить компромиссы, принимать решения совместно в интересах команды;
2. низкий уровень навыков объективного само- и самооценивания;
3. слабая мотивация к обучению, связанная с непониманием заданий по причине низкого уровня смыслового и функционального чтения при работе по карточкам, сплошным и несплошным текстам (инструкция к выполнению задания, работа по маршрутному листу, рисункам и т.д.);
4. слабые навыки тайм-менеджмента, приводящие к несвоевременному выполнению заданий или неполноценному их выполнению;
5. отсутствие желания у студентов групп Б и В представлять работу группы, озвучивать решения и вопросы, связанное с низким уровнем словарного запаса и навыка говорения.

Педагоги-исследователи подчеркнули, что все эти навыки являются жизненно важными, а значит – необходимыми для коммуницирования в социуме и для осуществления профессиональной педагогической деятельности. Было акцентировано внимание педагогического коллектива на необходимость формирования указанных навыков посредством качественного планирования уроков, разработанных с учетом следующих рекомендаций:

1. Четко формулировать цель обучения и ожидаемые результаты, акцентируя внимание на ценностях казахстанского общества;
2. Разрабатывать детально и доступно критерии оценивания и дескрипторы к заданиям на каждом этапе урока, соответствующие реализации цели обучения и ожидаемым результатам;
3. Составлять задания с применением активных методов обучения с целью формирования навыков более сложных уровней мыслительных процессов;
4. Организовывать на уроках ролевое взаимодействие, включая роль функции тайм-менеджера. Это позволит нативно формировать навыки работы со временем.
5. Пополнять словарный запас будущих учителей профессиональной лексикой, формировать навыки ее применения в обсуждениях.
6. Вместе с тем, психологам колледжа была дана рекомендация – провести социометрию в

группах первого курса и организовать работу на сплочение студенческого коллектива совместно с кураторами групп.

Таким образом, подводя итоги первого этапа Lesson Study, следует отметить, что внедрение данного педагогического подхода является полноценным и эффективным механизмом систематизации работы колледжа с целью повышения качества преподавания, а, следовательно, качества обучения и воспитания студентов. К примеру, в описанном нами опыте, в состоянии погружения в исследование уроков скрытно формируются профессиональные навыки у молодого педагога со стажем до одного года.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. **Пит Дадли.** Lesson Study: руководство, <http://www.lessonstudy.co.uk/>, 2011.
2. **Буганова С. Н., Устинова Л. В.** Совершенствование методики преподавания с использованием современных подходов (технологии Lesson-Study) //Достижения науки и образования. – 2021. – №. 3 (75). – С. 62-64.
3. **Бельченко Н. В., Горбунова О. А.** Реализация подхода Lesson Study для повышения мотивации обучения //Инновации в образовании (Казахстан). – 2021. – №. 4. – С. 4-6.

LESSON STUDY ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУ ФОРМАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ: ӨНДІРІС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Хасанова Г.М., Дрейт Н.А., Котов С.О.

Аннотация. Мақалада «Жас педагог мектебі» жобасы шеңберінде жүзеге асырылған Щучинск қаласының Жоғары педагогикалық колледжінде дене шынықтыру сабақтарында командалық өзара іс-қимыл дағдыларын дамытуға арналған Lesson Study форматындағы зерттеу тәжірибесі сипатталған.

Зерттеуге сыныптағы әртүрлі топтарды білдіретін үш оқушының фокус – топты зерт-теу үшін пайдаланатын стандартты Lesson Study процедуралары кірді.

Негіз ретінде белгілі бір рөлді таңдау және жүзеге асыру кезеңдерін қамтитын рөлдік модель қолданылды. Зерттеу барысында модельдің негізгі мәселелері анықталды: күрделі сипаттамалар, рөлдерді өзгерту механизмінің болмауы, дескрипторлардың дәлдігі және оларға тиісті ұсыныстар берілді. Педагогикалық тәжірибенің бұл сипаттамасы әкімшілік топтар мен колледж мұғалімдеріне арналған.

Жұмыста Lesson study шеңберіндегі педагогтар тобының жоғары білім беру нәтижелері мен әр студенттің жетістігі үшін жұмысының мысалында тәжірибе алмасу жүйесін енгізу алгоритмі ұсынылған. Мақалада педагогтарға арналған қорытындылар мен ұсыныстармен зерттеу кезеңдері егжей-тегжейлі сипатталған.

Тірек сөздер: Сабақты зерттеу, әдістемелерді жетілдіру, жас педагог мектебі.

LESSON STUDY AS A MECHANISM FOR IMPROVING THE FORMS OF TEACHING PHYSICAL EDUCATION LESSONS: FROM WORK EXPERIENCE

Khasanova G.M., Dreit N.A., Kotov S.O.

Annotation. The article describes the experience of a study in the format of a Lesson Study devoted to the development of team interaction skills in physical education classes at the Higher Pedagogical College of Shchuchinsk, carried out within the framework of the project «school of a young teacher». The study included standard Lesson Study procedures used to study a focus group – three students representing different groups in the classroom. As a basis, a role model was used, which included the stages of choosing and implementing a certain role. In the course of the study, the main problems of the model were identified: complex characteristics, the absence of a mechanism for changing roles, the accuracy of descriptors and appropriate recommendations for them were given. This description of teaching experience is intended for administrative teams and college teachers.

The paper presents an algorithm for implementing an experience exchange system based on the example of the work of a team of teachers within the framework of a Lesson study to obtain high educational results and success of each student.

The article describes in detail the stages of the study with conclusions and recommendations for teachers.

Keywords: lesson study, improvement of methods, school of a young teacher.

2

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»

THEORY AND PRACTICE OF THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»

УДК 796

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СПОРТҚА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

Бекжанова Мира Естаевна

Көкшетау қаласы, Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжінің оқытушы,
e-mail: mira_bekzhanova@mail.ru

■ **Аңдатпа.** Бұл мақалада мектеп жасындағы балалардың спортқа деген ынтасын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – мектеп жасындағы балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және спорт әлемінде биік шыңдарға жетуге ынталандыру. Зерттеу барысында мектеп жасындағы спортшылардың сауалнама жүргізу арқылы мотивациясын сипаттайтын диаграмма әзірленді. Экспериментке бір жекпе-жек спорт клубының 10 мен 17 жас аралығындағы 30 жас спортшысы қатысты.

→ **Тірек сөздер:** дене шынықтыру, спорт, мотивация, ынта, мектеп жасындағы балалар.

Зерттеу жұмысының өзектілігі мектеп жасындағы балалардың спортқа деген ынтасын қалыптастырып, спорт әлеміндегі биік шыңдарға жетудегі мотивацияның рөлін қарастыру болып табылады.

Адамгершілік, имандылық, ерік-жігер, мінез сияқты адами қасиеттерді әр уақытта халық жоғары бағалаған. Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар біздің еліміздің болашағы, оның жастары туралы ойлауға мәжбүр етеді. Қазіргі уақытта жас ұрпақты руханиятсыз, имансыз, агрессивті деген ойлар да бар. Мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі бүгінгі таңда оқу-жаттығу үрдісімен қатар, бірінші орында тұр.

Сондықтан, азаматтардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға конституциялық құқығын жүзеге асыру үшін жағдай жасау, халықтың дене дайындығы мен денсаулығының көрсеткіштерін жақсарту, жалпы жұртшылықты, әсіресе балалар мен жасөспірімдерді жүйелі дене шынықтырумен айналысуға тарту, білім мен спортты дамыту, жоғары санатты спортшыларды даярлаудың тиімді жүйесін құру қажет.

Оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуда жетекші рөл атқаратын жалпы білім беретін мектеппен қатар, қосымша білім беру мекемелерінің, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің де маңызы ерекше. Оларда өзінің іс-әрекеті мен жолдастарының мінез-құлқы үшін жауапкершілік,

жалпы табысқа терең қызығушылық, ерік-жігер, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылу сияқты адамгершілік қасиеттер қалыптасатын әртүрлі бөлімдер жұмыс істейді. Сонымен қатар, спорттық секциялардағы сабақтар мектеп оқушыларының жылдамдығын, ептілігін, күш-қуатын, табандылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Спорттық бағыттағы секциялар мен топтардағы балалардың белсенді сабақтары олардың қабілеттерін толық ашуға, өзіне деген сенімділікті арттыруға, одан әрі зияткерлік, кәсіптік және рухани іс-әрекетке дайын тұлға болып өсуіне мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп жасындағы балалардың спортқа деген мотивациясын қалыптастыру жағдайларын зерттеу.

«Мотивация» термині «мотив» терминіне қарағанда кеңірек ұғым. Қазіргі психологияда оның екі жақты мағынасы бар: ол мінез-құлықты анықтайтын факторлардың жүйесін білдіреді (бұл қажеттіліктерді, мотивтерді, мақсаттарды, ұмтылыстарды) және мінез-құлық әрекетін белгілі бір деңгейде ынталандыратын және қолдайтын процестің сипаттамасы. Демек, мотивацияны адамның мінез-құлқын, оның басталуын, бағытын және белсенділігін түсіндіретін психологиялық себептердің жиынтығы ретінде анықтауға болады [1].

Ф. Курамшин балалардың спортқа келуінің түрлі мотивтерін шешу үшін рөлді анықтады. Спорт секциясынан жиі шығып кетті: атақты спортшыға ұқсағым келеді (таңдаған спорт түрі), осы спорт түрі ұнайды. Секцияға келудің қалған себептері (жаттықтырушыны шақырды, спорт шебері, әлем чемпионы болғым келеді, дені сау, мықты, епті болғым келеді және т.б.) осы спорт түрімен айналысу себептерінің тұрақтылығын қамтамасыз етпеді. Мамандану кезеңінде спортшының осы спорт түріне деген тұрақты қызығушылығы туындайды, оған дене бітімінің дамуы мен дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ таңдап алынған спорт түрінің оның бейімділігіне жауап беретіндігін ұғыну ықпал етеді. Спортпен шұғылданудың мақсаты тек үдерістен ләззат қана емес, сонымен қатар ауыр және тынымсыз еңбектің нәтижесі ретінде жоғары нәтижелер алу болып табылады [2].

Ж.С. Мухамбет, В.Н. Авсиевичтердің түсініктерінше, спортпен шұғылдану кезіндегі материалдық мотивтер спортшылар әуесқой да, кәсіпқой да жоғары бәсекеге қабілетті деңгейге жеткенде ғана қанағаттандырылуы мүмкін, онда олар жоғары білікті спортшылардың әлемдік элитасына (Олимпиада ойындарының деңгейі, Әлем чемпионаттары, жоғары дәрежелі кәсіби турлар). Осыған қарамастан, оқушылардың материалдық қажеттіліктерін белгілі бір дәрежеде дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар арқылы қанағаттандыруға болатынын ескеру қажет (оқу және жарыс лагерлеріне саяхат, демеушілер қаржыландыратын жарыстарға қатысу, оқушылардың материалдық сыйақысын ескере отырып). студенттер және т.б.), мотивация құрылымында ненің арқасында ынталандыру бола алады. Материалдық қажеттіліктерді жас спортшылардың қаржылық жағдайы туралы ақпаратпен анықтауға болады, ол құпия әңгіме кезінде жариялануы мүмкін.

Эстетикалық мотивтерді қарастырғанда, оқушылардың спортпен шұғылдануға деген ынтасы дене бітімін жақсарту, артық салмақтан арылу немесе дене салмағын қосу, қозғалыстардың пластикасын өзгерту, фигураның кейбір ерекшеліктерін атап көрсету сияқты қажеттіліктермен қамтамасыз етіледі. Оқушылар үшін жақсы дене бітімі арқасында әдемі келбет маңызды мотивтердің бірі болып табылады. Оқушылардың көпшілігі әдемі болып көрінуге және басқаларды таң қалдыруға ұмтылады.

Сауықтыру мотивтерін қарастырғанда, дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар оқушылардың денсаулық деңгейіне белгілі талаптарды білдіреді, олардың санасында олардың дененің функционалдық мүмкіндіктерін таңдаған (таңдалған) спорт түрі немесе дене тәрбиесінің бағыты талаптарымен салыстыру процесі тұрақты түрде жүріп жатыр. Оларды өзектілендіру деңгейін жаттықтырушы-педагогикалық ұжым медициналық тексерулердің

объективті мәліметтері негізінде де, оқушылардың жеке өзін-өзі бағалауы негізінде де анықтауы керек.

Спорттық мотивтерді қарастырғанда, спортта белгілі болғандай, спортшылар мен олардың бәсекелестері арасында тұрақты мотивациялық байланыстар пайда болады, олардың өсуі немесе төмендеуі мүмкін. Дене шынықтыру деңгейінде бұл қарым-қатынастар аз байқалса да, тіркеледі. Жаттықтырушылар мен оқытушылар құрамы оқушылардың қарсыластар туралы ақпарат алуға қызығушылық деңгейін бағалауы керек, сонымен қатар студенттердің сауалнамаларының (сауалнамаларының) нәтижелеріне және әртүрлі деңгейдегі жарыстарда оларды бақылауға назар аудару қажет. Спорттағы бәсекелестерін бақылай отырып, олардың спорттық шеберлігінің кейбір аспектілеріне қатысты егжей-тегжейлерге қызығушылық танытатын оқушылар бұған қызығушылық танытпайтындарға қарағанда жоғары мотивациялық сипаттама алатыны сөзсіз [3].

Жалпы «мотивация», «ынта» және «мақсат» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Бір-бірінен белгілі бір нәтижеге жетуге мүмкін емес. Спортпен айналысу сыртқы мотивтері мен мақсаттары оқушының қабілетіне сәйкес келгенде, яғни ол үшін оңтайлы (өте қиын емес және өте оңай емес) және оларды жүзеге асырудың субъективті жауапкершілігін түсінгенде пайда болады. Осындай мотивтер мен мақсаттардың сәтті жүзеге асуы жас спортшылардың жетістікке шабыттандыру, оқуын өз бастамасымен жалғастыруға деген ұмтылысты, яғни ішкі мотивация мен қызығушылықты тудырады. Ішкі мотивация сонымен қатар жас спортшылардың процестің өзіне, сабақ жағдайларына, жаттықтырушылармен, ұжым мүшелерімен қарым-қатынасының сипатына осы сабақтар кезінде қанағаттанған кезде де пайда болады [4]. Қазіргі уақытта мектеп жасындағы кейбір балалардың және кейбір жасөспірімдердің сабақтан тыс өздерінің бос уақыттарын спортқа қатысу емес, әлеуметтік желіде отыру, ғаламтордағы ойындарды ойнау, достарымен қыдыруға арнағысы келеді. Алайда жас спортшылардың спортпен шұғылдануда ынтаны жаттықтырумен қатар ата-ана беру керек деген ойдамын.

Зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылды: сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау әдістері, сонымен қатар математикалық статистика әдістері. Экспериментке шығыс жекпе-жек өнерінің бір спорттық клубының 10-17 жас аралығындағы 30 жас спортшы қатысты. Осыған байланысты бізді респонденттер үшін спортқа деген мотивациясының қаншалықты маңыздылығы туралы сұрақ қызықтырды. (Сурет 1).



Сурет 1 – мектеп жасындағы жас спортшыларды спортпен айналысу үшін не ынталандырады?

Зерттеу нәтижесі ретінде мектеп жасындағы жас спортшылар арасындағы берілген сауалнама нәтижесі болып табылады деп есептеймін. Сауалнама берілген мектеп жасындағы жас спортшылардың көбі спорттық мотивация ретінде спорттық жеңістерді және спорттық атақтарды көреді. Өзім жиырма жылдан астам спортта жүруіме байланысты, қазіргі таңда жаттықтырушылық қызметпен айналысқандықтан, жас спортшылардың ойымен келісуге жөн көрдім. Шынымен де мотивация ретінде белгілі бір жарыстың «алтын» медалін көрген едім. Зерттеу жұмысының қорытындысы. Мотивация адамның өз спорттық жетістіктерін жақсартуға ұмтылуына негізделген. Адамзаттың бүкіл тарихы, эволюция процесі бәсекелестік рухына, қарым-қатынастардың бәсекелестік рухына құрылған. Белгілі бір деңгейге жетуге, өзінің спорттық

жетістіктерінде қарсыласын басып озуға ұмтылу күшті реттеушілердің бірі болып табылады. Өз түрлерінің ішіндегі ең жақсысы болуға ұмтылу - бұл тәуелсіз жаттығуларға ең күшті мотивация.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. **Родионов, А.В.** Психология физического воспитания и спорта: учебник для ВУЗов / А.В. Родионов – М.: Академический Проект, 2004. – С. 16-36.
2. **Болтаева Ә.М.** Мотивация психологиясы: оқу құралы / Ә.М.Болтаева – Алматы: Қазақ университеті, 2020. -278 б.
3. **Мухамбет Ж.С., Авсиевич В.Н.** Методика формирования и развития мотивации студентов к самостоятельным занятиям физической культурой и спортом. ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №3 (71), 2021 г.
4. **Барановская, Д.И.** Роль физкультурных занятий в формировании мотивации к занятиям физической культурой студенческой молодежи / Д.И. Барановская, В.И. Врублевская // актуальные проблемы оздоровительной физической культуры и спорта для всех на современном этапе: матер. VIII междун. науч. сессии по итогам НИР за 2004 г. – М: БГУФК, 2005. – С. 13-16.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ МОТИВАЦИИ К СПОРТУ У ДЕТЕЙ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Бекжанова М. Е.

